



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№15

(847)

23 сәуір

2021 жыл

КӨЗБОЯУ

ДӘРІГЕРГЕ ЕМЕС, ҚҰРЫЛЫСШЫҒА АРНАЛҒАН КИІМ



Жазушы Әлібек Асқаровтың «Аюдың өті қайда?» деген әдемі хикаяты бар. Сол хикаятта Алтайдан аюдың өтін іздеп келіп, қомақты ақшаға өгіздің өтін алып қайтқан жапондар туралы айтылады. Әр келген жапонға өтін ойып алып ұстата қоятын, байлап отырған маймақ бар дейсің бе? Пысықтар аюдың өті деп өгіздің өтін берген ғой. Оңбай алданған жапондар содан кейін Алтайға ат ізін салмай кетіпті...



Алматыда бір жылдан бері дәрігерлерге арнап 90 млн теңгеге сатып алынған жеке қорғаныс құралдарын шаң басып жатыр. Өйткені олар эпидемиологтар үшін емес, құрылысшыларға арналған киім екен. Аю орнына өгіздің өтін берген әңгіме сияқты ғой.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанындағы арнайы мониторингтік топ Алматының бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшиннің өтініші бойынша қоймада тұрған жеке қорғаныс құралдарын тексереді. Қоймада түсірілген видеоны Facebook желісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанындағы арнайы мониторингтік топ төрағасының орынбасары Рафаэль Гасанов жариялады.

90 млн теңгеге 12 мыңға жуық киім әкелінген. Мысалы, бір адамға арналған қорғаныш киім жабдыктарымен 7500 теңге тұрады. Қазір қоймада 7028 данасы қалыпты. Тауарды Алматы қаласы тауар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Калыкова қабылдап алған. Ж.Бекшин тексеріп, қорғаныш жабдықтың талапқа сай келмейтінін мәлімдеді. Бұл киім адамды шаң мен бояудан қорғайды, бірақ су өткізеді. Сондықтан эпидемиологтардың қолдануына

мүлде жарамсыз. Жандарбек Бекшин: «Мұны қарапайым түрде ешқандай зертханасыз тексеруге болады. Егер су өтсе, онда вирус та өтеді. Мен мұндай киімдермен эпидемиологтарымды ауру ошағына жібере алмаймын. Құжаттарға қарасаныз да, сәйкес келмейді», — деп отыр. Сондай-ақ бас санитар дәрігер қоймада денсаулық сақтау министрлігінің талабына сәйкес келмейтін көзілдірік пен масканың да бар екенін жеткізді. Ол «Біз сотқа бердік. Бір инстанция өтті, соттар тез қарап, негізсіз қабылдамай жатыр», — деп түсіндіреді. Оның айтуынша, бұл қалада жеке қорғаныш құралдары жетіспейтін көрінеді. Қоймадағы қор екі айға да жетпейді. Рафаэль Гасанов жағдайға былайша түсініктеме береді. Ол «Әсел Калыкова (санитар дәрігердің орынбасары) бұл жеке қорғаныш құралдары эпидемиологтар үшін жарамды деп санайды, ал басқа санитарлық дәрігерлер бұлай емес дейді. Түсініксіз. Біз оны анықтап алып, комитетті шақырайық дедік. Сараптама ешқандай сертификат жоқ екенін көрсетті. Көзілдірікке, киімге және маскаға арналған жеке сертификат болуы керек. Мұның бәрі жоқ. Сондықтан осындай сұрақ туып отыр», — дейді.

Жарас ШӨКЕ

КЕСЕЛ


ЕЛЕСПЕН АЛЫСҚАНДАР...

Отыз жастағы кәсіпкер наркологиялық орталықта бір апта өс-түссіз жатты. Ал есін жиған соң...

Алмастың шағын ғана көлік жөндейтін орталығы бар. Кәсібін дөңгелетіп, жұрт қатарлы өмір сүріп жатқан. Албасты басам десе, оп-оңай екен. Жұма күні сыныптастары жұмыс орнына іздеп келді. Біреуі әкелген сарғыш ұнтақты шегіп, достар «көңіл көтерді». Спайс деген психотропты затты тұтынып, ақылынан адасқан күнді Алмас есіне алғысы келмейді.

— Алғаш тартқан кезде ештеңе сезбедім. Екінші рет темекіні қатты сорып жұтындым. Достарымның айтуынша, денем сіресіп 40 минут тапжылмаппын. Көзімді ашқан соң көшеге қарай қашыппын. Есімді жиғанда басы жоқ адамдарды көрдім. Олар қарқылдап күліп жатты. Зәрем ұшты. Қашуға оқталдым. Аяғым икемге келмейді. Қаны сорғалап тұрған бассыз денелер маған жақындап келе жатқандай... қаша жөнелдім. Әрі қарай не болғаны есімде жоқ. Ауруханада ояндым, — деп Алмас үрейлі жүзбен жан-жағына қарады.

Дәрігерлердің айтуынша, қазір Алмас елесті жиі көреді. Кейде «жөндік қаптап кетті» деп денесін тырнап тастайды.



(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Болат Шарахымбай – бүгінгі қазақ әдебиетінде белгілі есім. Бірнеше жыр жинақтары мен тарихи-танымдық кітаптардың авторы. Ақын, әдебиетші, эссеист, мәдениеттанушы, публицист ретінде танылған қаламгер. Осы ретте ақынды бүгінгі әдебиеттің жалпы бағыт-бағдары, шығармашылық орта, жалпы қоғамның тыныс-тіршілігі жайлы өз ойларымен бөлісуді өтініп, әңгімеге тартқан едік.

Болат ШАРАХЫМБАЙ:

ҚАЗІРГІ ШЕНЕУНІК ЖАЗУШЫДАН ЕМЕС, БЛОГЕРДЕН АЯҒЫН ТАРТАДЫ



Jas qazaq: «Біздің патшамыз екеу: П Николай мен Лев Толстой», — деп жазыпты өз күнделігінде М.Суворин. — Екеуінің қайсысы күшті дегенге келсек, П Николай Толстойға өтімді емес. Ал Толстой қаһарға мінсе, Николайдың тағын династиясымен қоса төңкеріп тастайды». Әдебиеттің күш-қуатын бұдан асырып бағалау мүмкін емес шығар. Содан бері бір жарым ғасырдан астам уақыт өтті. Сіз қалай ойлайсыз, әдебиет сол кезеңдегі орнын сақтай алды ма?

Б.Шарахымбай: Әдебиет — аксүйек өнер. Яки, қоғамның алдыңғы қатарлы адамдары айналысатын ақыл-ой өнері. Одан да анығырақ тәпсірлесек, әдебиет — қоғамды алға сүйреуші өнердің түрі. Бұл жерде қоғам арба болса, әдебиет — сол қоғам-арбаны алға сүйреуші өгіз. Бұдан бір-екі ғасыр бұрын бұл өнермен тек аристократ ортадан шыққандар ғана айналысатын. Мысалы, А.Толстой, Ф.Достоевский, А.Чехов, өзімізден А.Құнанбаев, М. Көпеев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарын және т.б. Бұлардың барлығы аксүйек отбасынан шыққан оқымыстылар.

Кенес заманында халықты жаппай сауаттандыру науқанынан кейін әдебиет таза идеология құралына айналып кетті. Толстойға келсек, орыс әдебиетінің «алтын ғасыры» осы кісінің есімімен тікелей байланысты. Ол «алтын ғасыр» әдебиетін жасаушылардың бірі болып қойған жоқ, өзі өмір сүрген дәуірдің ақыл-ой индикаторы, қоғам-арбаны алға сүйреген жазушы болды. Сондықтан Толстойға берілген баға бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Алайда қазіргі заман әдебиетінің беделі бұрынғыдай емес.

(Жалғасы 7-бетте)

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

ҚЫЗҒАЛДАҚ КӨРСЕҢ, АЙНАЛЫП ӨТ!

Қырда гүл терген жігіттің басы дауға қалды. Polisia.kz сайты хабарлағандай, тәртіп сақшылары оны Түркістан облысындағы Ақбастау ауылы маңынан ұстап алып, бөлімшеге жеткізіпті. Сөйтсе, жұлынған алты тал гүл еліміздің Қызыл кітабына енген қызғалдақ екен.

«Сайрам-Өгем» мемлекеттік табиғи саябағының өкілдері ерекше қорғалатын өсімдікті жұлғаны үшін қатаң жауапкершілік қарастырылғанын ескертеді. Тәртіп сақшыларының айтуынша, бап санкциялары 3000 АЕК (8 миллион 751 мың теңге) мөлшерінде айыппұл салу, не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жазаны көздейді. Тіпті үш жылға дейін бас бостандығынан айырылуы да мүмкін.



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
64,95

DOLLAR
431,41

EURO
518

РУБЛЬ
5,63



КӨКЖИЕК

Жыл сайын өтетін Боао Азия форумының пленарлық сессиясында бейнеүндеу жасаған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзара тиімді халықаралық қарым-қатынастардың маңызына тоқталды. Елбасы бұл ретте «Бір белдеу, бір жол» бастамасының көптеген елдерге жаңа мүмкіндіктер беріп отырғанын атап өтті.

көзқараспен қарауға және бүгінде өзі үшін бірнеше маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан Тұңғыш Президенті атап өткендей, пандемиядан туындаған қиын кезеңде мемлекеттің маңызды рөлі айқын көрінді. Биліктің тиімді шараларының арқасында көптеген елдер жағдайдың жағымсыз сценариймен өрбімеуіне жол бермеді. Бұл ретте жұртшылық планетамыздың бағалануы әрі қорғалуы тиіс өте нәзік организм екеніне көз жеткізді.

Сонымен қатар, пандемия кезінде жаһандану және елдер мен

Елбасы: «Адамзат үшін жаһандағы жаппай вакцинация мәселесін шешудегі вакциналарды өндірушілер мен үкіметтердің ынтымақтастығы маңызды. Бұл мәселеде бәсекелестік пен саясиландыру теріс әсер етеді», — дейді.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасына тоқталған Нұрсұлтан Назарбаев ғаламдық жобаны ҚХР Төрағасы Си Зинпиннің 2013 жылы еліміздің астанасында ұсынғанын еске салды. Елбасы: «Қазақстан үшін бұл бастама жаңа мүмкіндіктер терезесіне айналды. Бүгінде мемлекетіміз арқылы Азия мен



«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ТЕРЕЗЕСІ

Еліміздің сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, биылғы конференция «Өзгеріп жатқан әлем: «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шенберінде бірлескен күш-жігермен жаһандық басқару мен ынтымақтастықты дамыту» атты негізгі тақырыппен өтті. Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Зинпин форумды арнайы бейнеүндеумен ашты. Ол өз елінің сыртқы әлемге ашық саясатын жалғастыратынын мәлімдеп, серіктестерді Бейжін бастамасының («*Бір белдеу, бір жол*») барлық мүмкіндіктерін бірлесе тиімді пайдалануға шақырды.

Елбасы өз сөзінде соңғы жиырма жылда тек Азия ғана емес, бүкіл әлемдік дамудың өзекті мәселелерін талқылайтын беделді халықаралық алаң ретінде қалыптасқан Боао форумы жұмысының маңызын атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі күнделікті тіршілікке терең өзгеріс енгізіп, халықаралық қоғамдастықтағы бірқатар елеулі саяси, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық сын-қатерді әшкереледі. Сонымен бірге дағдарыс адамзатқа айналадағы шындыққа жаңа

халықтардың өзара әрекеттесуінің бірқатар үрдістері байялалады. Адамдар арасындағы өзара сенімсіздік күшейіп, бұл өз кезегінде жаһандық экономика мен саясатқа теріс әсер етеді. Елбасы осыған орай: «Біз бүкіл әлемде протекционистік (*бұра тарту*) көңіл-күйдің өршуін көріп отырмыз. Халықаралық деңгейдегі экономикалық қатынастарға теріс әсер ететін саяси сипаттағы шешімдер енгізілуде. Біз әлемді өзімішіл, біржақты ұйғарымның иіріміне батыруға жол бермеуге іс-қимыл рухында болуы тиіс. Әрбір елдің мәдени, әлеуметтік және саяси дәстүрін, экономикалық ерекшелігі мен құндылықтарын өзара құрметтеу -олардың негізіне айналуы керек. Пандемия бәсекелестік дүниесі мен ынтымақтастық әлемі арасындағы таңдаудың қажет екенін айқын көрсетіп берді.

Індетті жаһанның бақылауынан тыс қалдыру, жекелеген елдердің табысқа кенелуі болашақта қажетті оң нәтижені бермейді. Осындай пікірді білдірген

Еуропаны, Солтүстік пен Оңтүстікті, Тынық мұхитын Атлант және Үнді мұхиттарымен байланыстыратын қысқа жолдар етеді», — деп атап өтті. Қазақстан арқылы 11 трансұлттық бағыт іске қосылды. Соның ішінде ұзындығы 2700 шақырым Батыс Еуропа — Батыс Қытай» даңғылы, 5 теміржол және 6 автомобиль жолы, Қазақстаннан Парсы шығанағына және Оңтүстік Азияға баратын темір жолдар бар. Н. Назарбаев: «Осының барлығы елімізде бәсекеге қабілетті транзиттік хаб құруға мүмкіндік берді. Енді еліміз арқылы Азияның кез келген нүктесіндегі тауарлар Солтүстік Еуропа қалаларына екі аптаның ішінде жете алады. Соның арқасында 2020 жылғы дағдарыста да Қазақстан арқылы «Қытай — Еуропа — Қытай» бағытындағы контейнерлік тасымал көрсеткіші 60 пайыздан асты».

Елбасы өткен жылдарда «Бір белдеу, бір жол» бастамасының ынтымақтастық пен жаһанданудың алдыңғы қатарлы идеяларын ілгерілету үшін өзінің өміршеңдігі мен маңыздылығын дәлелдегенін атап өтті.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.t⁰



ПӘЛЕН ЖЕРДЕ БАҚЫР БАР...

Бізде халықтың әлеуметтік статусына зерттеу жүргізіліп, статистикалық мәліметтер жарияланып тұрады. Елдің орташа өмір сүру деңгейі, халықтың тұрмысы таразыға тартылады. Бірақ сол статистикалық зерттеулердің қорытындысы шынайы өмір дерегімен қабыспай жатады.

Күні кеше Қызылорда қаласындағы Халыққа қызмет көрсету орталығында адамдар бірін-бірі таптап кете жаздады. Әлеуметтік желіде тараған бейнежазбада адамдар мемлекеттік мекеменің есігіне сыймай, кептеліп қалған соң терезеден кіріп жатыр. «Бәлен жерде алтын бар, барсаң, бақыр да жоқ» боп жүрмесін» деген халық «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Бизнес бастау» жобасының грантын алу үшін ұзын-сонар кезекке тұрды. Кешеден бастап Қызылорда облысының эпидемиялық ахуалы ушығып, «қызыл аймаққа» өтті. «Қызыл аймақтағы» қызылордалықтарды анталатып аландатқан — «Бизнес бастау» жобасының 583 мың теңгелік грантын оқуға берілетін қағаз. Көпшілік «қайтарымызсыз грантты алу үшін берілетін қағазды тек бір күннің ішінде таратады» деген жалған мәліметтен кейін дүрліккен. Анығында «Атамекен» ҰКП қайтарымызсыз грантты оқуға өтінішті тек бір күнде ғана қабылдаумен шектелмейді. Керісінше, кезең-кезеңімен қамтып, бірнеше лекті оқытып, кәсіпкерлікке баулымақ.

Ал қызылордалықтардың есікке ентелеп, терезеден кіруінің өз себебі бар. Өйткені алғашқы лек бойынша грант саны шектеулі. Мемлекет қазынасынан бөлінетін қаржыны игеру мақсатында таратылатын грантты кез келген адам ала алмайды. Арнайы санатқа жататындар ғана қайтарымызсыз қаражатқа қол жеткізеді.

Биыл «Бизнес бастау» жобасымен еліміз бойынша 30 мың адамды оқытуға грант бөлініпті. Оған тапсырыс берушілердің саны күн санап артып келеді. Сондықтан «Атамекен» ҰКП еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тағы 10 мың квота бөлдіру жөнінде ұсыныс жолдамақ екен.

Қайтарымызсыз қаражатқа қызығып, алуға ұмтылған халық Таразда да топтанып кезекке тұрды. Жұмыспен қамту орталығы жолдаманы онлайн беруге қауқарсыз. «Тараздағы халыққа қызмет көрсету орталығындағылар да жолдаманы электронды форматта жібере алмай, тек қағазға басып таратып жатыр», — дейді «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Нариман Әбілшайыков.

Осындай арнаулы көмек, мемлекеттік грант алуға ұмтылғандардың әрекеті еліміздегі әлеуметтік жағдайдың қандай екенін айқындай түскендей. Көпбалалы аналар «атаулы әлеуметтік көмек аламыз» деп ала таннан кезекте тұрады, бір құжаты дұрыс болса, екіншісі сай келмей, қайта сенделтеді. Мұндай көрініске көзіміз де үйреніп, етіміз де өліп кетті.

Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда тегін таратса, тарта жеп қалуды көздейтіндер аз емес. Мысалы, былтырғы жылы көктемгі карантин кезінде берілген 42 500 теңгелік көмекті алуға өтініш берушілердің арасында тұрақты жұмысы тоқтамаған жылпостар да жүрді, шетелге көшіп кетсе де тізімге енгендер табылды. Тіпті зәулім сарайда тұратындардың арасында да әлеуметтік аз қамтылдық деп атаулы көмек алушылар қатарына еніп кеткендері болды.

Мемлекеттік грант болсын, қаржылық қолдау жобалары дейміз бе, алушыны масылдыққа баулымауы тиіс. Керісінше, кері кеткен кәсібінің бетін бері қаратуға, шатқайқтаған шаруасын түзеп алуына серпін беруі тиіс жоба емес пе? Тағы бір астын сызып айтар мәселе, «бармақ басты, көз қысты», жең ұшынан жалғасатын жемқорлық жегіқұрты мұндай жобалардың ту сыртынан айналып өтпейтіні анық. Оған атаулы әлеуметтік көмек алу үшін сарсаңға түскен көпбалалы аналардың ашына жазған пікірлері дәлел. «Отқатын» бермесен, атап бастырмайтындар кәсіпкерлікті дөңгелетем дегендердің де үмітін жанбай жатып сөндіреді.

Обалы не керек, халқының әлеуметтік жағдайын жақсартуға назары да мемлекеттің алабөтен, бөлінетін қаржы да мол. Тек қыбын тауып, шаруаны шашау шығармай, өзегіне жемқорлықтың жегіқұртын түсірмей, жұмысты жүйелі жүргізетін атқарушы мекемелердің діні мығым болмай тұр. Жоғарыдан жап-жақсы басталған осындай әлеуметтік бағдарламалардың ғұмыры орта жолда тайғақ кешіп, қарапайым халықтың уысына жеткенше жырымдалып кетеді. Жұрттың кімге сенерін білмей, бір-бірін басып-жаншып жатқаны да содан.

Қуаныш PAXMET



ЖАЛАҚЫ

Тұрғындардың орта есеппен жан басына шаққандағы номиналды табысы 2020 жылдың IV тоқсаны

Атырау облысы	230,2 мың ТГ
Нұр-Сұлтан қаласы	192,9 мың ТГ
Алматы қаласы	185,0 мың ТГ
Маңғыстау облысы	152,4 мың ТГ
Қарағанды облысы	132,8 мың ТГ
Павлодар облысы	129,2 мың ТГ
Қостанай облысы	118,2 мың ТГ
Шығыс Қазақстан облысы	118,0 мың ТГ
Батыс Қазақстан облысы	115,8 мың ТГ
Ақмола облысы	114,9 мың ТГ
Солтүстік Қазақстан облысы	111,5 мың ТГ
Ақтөбе облысы	106,9 мың ТГ
Қызылорда облысы	91,2 мың ТГ
Алматы облысы	90,7 мың ТГ
Жамбыл облысы	86,5 мың ТГ
Шымкент қаласы	79,1 мың ТГ
Түркістан облысы	65,9 мың ТГ

Дереккөзі: stat.gov.kz

Аптаның сауалы

Мәлік ҚҰЛШАР, Мәжіліс депутаты:

«Қазіргі заң жобасында аудиторлық қорытындының нәтижелері бойынша мақсатқа сай пайдаланылмаған қаржыны 3 ай ішінде республикалық бюджетке қайтару туралы норманы бекітілу ұсынылады. Ал оны қайтару үшін ұйымның қаржысы жеткіліксіз болса, онда мақсатқа сай пайдаланылмаған ақшаны қайтару қандай тәсілмен жүзеге асырылмақ? Жалпы қайтару механизмі қандай болмақ?».

ЖАУАБЫ:

Ербол ҚАРАШӨКЕЕВ, қаржы вице-министрі:

«Қаржы министрлігі немесе мемлекеттік аудит органдары ақшаны сол мекемелердің меншікті есебінен қайтаратын болады. Егер олардың есепшотында қаржы болмаса, онда мәселе сот арқылы шешіледі. Ал егер мекеменің активтері болса, соларды сатамыз. Өзірге басқа механизм қарастырылмаған».

Аптаның айтары

«**МҰҒАЛІМ МЕН ДӘРІГЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРСЕ ДЕ, ОСЫ САЛАДА БАСҚА ДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНДЕРДІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ ЕШ ӨЗГЕРМЕЙ КЕЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ САНИТАРЛАР, АССИСТЕНТТЕР, ЕДЕН ЖУУШЫЛАР, ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ, МҰРАЖАЙ, ӨНЕР, МЕКТЕП, БАЛАБАҚША, КІТАПХАНА, МҰРАҒАТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БАР. ОЛАРДЫҢ ОРТАША ЖАЛАҚЫСЫ ШАМАМЕН 60 МЫҢ ТЕҢГЕ. БҰЛ САНАТТАҒЫЛАР ИНФЛЯЦИЯҒА ДА ТӨЗЕДІ. АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ КӨТЕРІЛГЕНДЕ ЛӘМ-МИМ ДЕМЕЙДІ. ОЛАР ТІПТІ ИПОТЕКАМЕН ТҰРҒЫН ҮЙ ДЕ САТЫП АЛА АЛМАЙДЫ. ОНДАҒАН ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕРДЕ ТҰРАДЫ. ЖАЛАҚЫСЫНА НЕ ДҰРЫС КИІНЕ АЛМАЙДЫ, НЕ БАЛАЛАРЫН АСЫРАЙ АЛМАЙДЫ. ОЛАР МҰНДАЙ ЖАЛАҚЫҒА ҚАЛАЙ ӨМІР СҮРІП ОТЫР?».**

Мақсат РАМАНҚҰЛОВ, Мәжіліс депутаты

ЕЛЕСПЕН АЛЫСҚАНДАР...

(Басы 1-бетте)

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың мәліметі бойынша, елімізде 2018 жылы 147 психотропты заттарды тұтынған тұрғын тіркелсе, 2019 жылы 325, 2020 жылы 449 адам диспансерлік бақылауға алынған. Мамандардың айтуынша, жасанды есірткінің шырғауына түскен науқастардың саны ресми көрсеткіштен 5-6 есе көп. Соңғы 5 жылда жастар арасында синтетикалық есірткіні пайдаланушылар 60 есе көбейген. Басым бөлігі — ірі қалалардың тұрғындары.

Осы тақырыпқа терең бойлау үшін біз Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың Павлодардағы бөлімшесінде аға дәрігердің міндетін атқарушы Мәди Токановты әңгімеге тарттық.

— Дүниежүзінде ең жиі кездесетін каннабиоидтарға жататын осы қоспалардың жасанды алмастырғыштары — бірінші орында, ал синтетикалық стимуляторлар (*катеноны*) — екінші орында. Оның ішінде жиі қолданылатын химиялық қоспа алыфа, мефедрон деген есірткі заттар. Ұнтақ, кристалл және капсула түрінде болады. Мұндай синтетикалық стимуляторды көбінесе жастар тұтынады. Өйткені қолжетімді. Интернет арқылы тапсырыс береді. Темекі немесе ішке дем алу арқылы қолданылады. Бұл заттарға жастар неге үйір? Рахат сезімге бөлену кезінде көңіл-күйі көтеріліп, ойлау қабілеті, сексуалдық белсенділігі артады. Ал зардабы орасан. Галлюцинация пайда болады. Дозасы көбейгенде, көзіне неше түрлі елестеп, психикасы бұзылады. Кейде денесінен құрт, қоныз жылан шыққандай терісін тырнап есі шығады.

— Елес көріп, есін білмейтін күйде болатыны рас па? — деп сұралды.

— Иә, адам өз-өзін сезінбейді, не істеп не қойғанын да білмей қалады. Бұл 2-3 сағатқа созылады. Өзі тұтынған тырнақтың ұшындай есірткіден аласұрып, ақылынан айырылады.

— Оның қауіпті болатыны неден? — Түрлі химиялық қоспалар мен синтетикалық үдеткіштерден жасалған есірткі миды зақымдайды. Көңіл күйдің, когнитивті функциялардың, адамның ақыл-ой қабілетін, ойлау жүйесін тежейді. Ондай затты қолданған адам есінен адасып, ойлау қабілеті өзгереді, мінез-құлқы өзгереді. Ал оны қалпына келтіру оңай емес. Ұзақ уақыт емдеуден кейін оңалту, сауықтыру сияқты психологиялық ем-дом алу керек. Ең өкініштісі, бір-екі дозадан кейін адам өзінің оған қалай тәуелді болып қалғанын байқамайды.

— Орталыққа синтетикалық затты тұтынған адам қандай жағдайда жеткізіледі?



Мәди Токанов

— Көбінесе есірткіге тәуелді адам өз еркімен дәрігерге келмейді. Емделуге талпынбайды. Ата-анасы немесе туыскандары осындай құмарлықтан құтқару үшін бізге алып келеді. Психотропты заттардың зардабынан ұзақ жылдар бойы дәрі-дәрмекпен емдеп, психологтар мен психотерапевт мамандар тұрақты түрде жұмыс істеуі керек. Өйткені науқастың кеселді өз еркімен жеңуі мүмкін емес.

— Кейде есірткіні тұтынғанын анықтау қиын немесе мүмкін емес деп айтып жатады. Бұл қаншалықты рас? — Синтетикалық үдеткіштің құрамындағы химиялық қоспаларды анықтау өте қиын. Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүниежүзінде әлі шешімі табылмаған түйін. Жергілікті психикалық денсаулық кабинеттерінде психиатр-нарколог мамандар психотропты белсенді затты пайдалануы мүмкін деген күдікпен әкелген адамның бойындағы клиникалық өзгерістердің нәтижелеріне сүйеніп анықтайды.

— Синтетикалық есірткіден қорғану үшін қандай кеңес бересіз?

— Есірткі тұзағына түскендердің жақын туыстарына айтатын кеңесім: алғашқы белгінің бірі — көз қарашығының ұлғаюы. Аузы үнемі кеуіп жүреді, суды көп ішеді немесе бірден тәбеті жақсарып, тамыры жиі соғады, қолы салқын болады, көңіл-күйі жоқ, күйзеліс кезінде өршіп кететін ашуланшақ мінез пайда болады. «Мен нашакор емеспін» деп емделуге қарсылық білдіріп, түлен түрткендей жанжал шығаруы да ғажап емес. Тағы да айта кетейін, қолжетімді, арзан және алғаш рет тұтынғаннан кейін-ақ адамды тәуелді ететін психотроптық заттардың шырғауынан құтылу қиын.

Соңғы кезде аса қауіпті синтетикалық есірткілерге тәуелді жастардың көбеюі алаңдатады. Психологтар мектептерде, колледж, жоғары оқу орындарында түрлі кездесулер ұйымдастырып, есірткінің зияны жайында онлайн жиындар ұйымдастырамыз. Дегенмен ата-ананың да бала тәрбиесін көзден таса етпегені абзал.

Жәзира БЕГАЛЫ,
журналист

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

Еске алу

Тағы да мұңайып өткенді еске алуға, тағы да «Еһ, жалған дүние-ай!» деп күрсініп, эсселетуге тура кеп тұр. «Еһ...» деп күрсінетінім, өмірден ақын Есенғали да өтті.

Менің «курстастарым» өңкей «сен — тұр, мен — атайындардың» сортынан болатын. «Кіл талант еді» десем де ұялмаймын. ҚазГУ-де (*біздің кезде сөйдеп айтатын*) сонау 1977 жылдың күзінен 1985 жылдың жазына шейін (*ортада әскери қызмет те бар*) дейін ақындардан Қанипа Бұғыбаева, Есенғали Раушанов, Нағашыбай Мұқатов, жазушыдан Несіпбек Дәутәев, режиссерден Аяған Шәжімбаевпен «парталас» болу, шынында, кез келгеннің басына бұйыра бермейтін бак кой.

Жазушы Мархабат Байғұттың «Бір дорба диплом» деген ғажайып әңгімесінде ұстаздарының бірі сырттай оқитын студенттерінің Орхон-Енисей жазбаларына арналған әдеби кештеріне қатысып, олардың оқуға деген ынталарына, жазуға деген қабілеттеріне риза болатын жері бар. Сол сияқты біз де сессияға берілген «қырық күндік» ғұмырнамамызда дәріс тындап, емтихан тапсырып жүріп,

ШӘМШІ МЕН ЕСЕНҒАЛИ



арасында қабырға газетін де шығаратынбыз. Сол қабырға газетінің өлендерін ылғи Есенғали жазатын.

Бір жолы, ақпанның суығы әсер етті ме, азу тісім зырқырап қақсап, жағымды басып тұр ем, бір қу маған білдірмей суретке түсіріп ала қойыпты да қабырға газетіне шығарып жіберген ғой. Суреттің астына:

*Сабақты да ақсаттым көп,
Қиын екен әй, тегі.*

«Ағай, тісім қақсап тұр» деп,

Сылтау айтсам қайтмеді, —

деген бір шумақ өлен тұр.

Авторы көрсетілмесе де стилінен бірден таныдым. Есенғалидікі. Ең бастысы, газетімізге, өзіміз тұрмақ, өзгелер де риза болды. Әсіресе, «очниктердің атаманы» атанған Кенже маған қолын шошайтып, біразға дейін күліп жүрді.

Сырттай оқитындардың сессиясына берілетін «қырық күніміз» түгесілген соң, бір-бірімізді кимасак та бәріміз жан-жаққа аттанамыз. Солардың бірі боп мен де «өз үйім — өлең төсегім» — Талас аудандық газетіндегі жұмысыма оралам. Ауылға келісімен бір аптаның ішінде Алматының «қызығы» мен «шыжығы» ұмытылып, газеттегі қоныртоғай тіршілігім басталып кетеді.

Көрші кабинетте ақын Серік Томанов отырады. Қағаздан қол босағанда сол көкеме барамын. Ол болса, жазып отырған қағаздарын ысырып қояды да ақындардың жырлары туралы әңгіме тиегін ағытады. Сол кезде Есенғалидың жыр жинағын оқып жүр екен.

— Мынаң қараш, — дейді де:

Жатыры оның алтын деп,

Қабыланменен жанастым, -

деп жазыпты. Не деген сұмдық! — дейді тамсанып.

— Мә, шынында да осыған дейін ешкім айтпаған сөз ғой мынау, қайдан табады осындайды, — деп мен де таңғалам.

Мені таңғалдырғанына Секең жымын-жымын етіп, мәз болады.

Содан кейін «Есағанның мынауы да керемет, ә» деп, Шәмші туралы өлеңін көрсетеді.

Кейін мен Жамбыл облыстық «Еңбек туы» (*қазіргі «Ақ жол»*) газетіне ауысып кеттім де, Серік екеуміздің әдебиет жайлы әңгімелеріміз біразға дейін үзіліп қалды.

Бірде ақын Жақсылық Сәтібеков көкем кабинетімізге тура Шәмшінің өзін ертіп келді. Дәл сол кезде «Қазақ әдебиеті» газетіне жазушы досым Нұрғали Ораздың «Шәмші қайда жүр екен?» деген макаласы шығып жатқан. Шәкенді жұрты Алматыдан жабыла іздеп, таппай жатқан кезде, қайран да қайран композитор ағамыз Жамбыл қаласының (*сол кездегі аты ғой*) іргесіндегі Дунгановқадан (*қазіргі Жалпақтөбе*) жер алып, үй салып жатыр екен де. Соны біреуден естіген Жақсылық көкем Шәкенді іздеп барып, редакцияға ертіп келтіп.

Жұрттың бәрі Шәкене жабыла сәлемдесіп жатқанда ойларында не болғанын білмеймін, ал менің есіме Есенғалидың Шәмші туралы өлеңі оралды. «Үйден алып келіп, оқып берсем бе?» екен деген ой да санамда зу ете түсті.

Жә, сонымен, үйдегі сықыған кітаптардың арасынан Есенғалидың Шәмші туралы өлеңі басылған кітабын тауып ап, жұмысыма әкеп қойдым. Ойым, кабинетімізге тағы да келе қалса, өзіне арналған өлеңді Шәмші ағаға оқып беру.

«Король» атанған көкем көп күттірген жок. Өңірінде «Ленин комсомолының лауреаты» деген төсбелгісі жарқырап, кабинеттің төріне оза берді. Қасында ақын Жақсылық Сәтібеков. Мен Есенғалидың кітабын үстелімің суырмаасынан шығарып, алдыма қойдым.

— Аға, мына кітапта сіз туралы бір өлең бар екен, оқып берейін бе?

Менің көмейімнен күмілжіңкіреп барып шыққан сөз әсер етті ме, жәй күндері де жылы жүзді Шәмші ағаның өнінде ерекше бір мейірім пайда болып қасыма келді. Кітапты ұстап, мұқабасын көріп, «әдемі екен» деп қойды өзіне ғана тән қарлығыңқы үнімен.

— Кане, оқышы, — деді сосын.

Өлең ұзактау еді. Бірақ ойнақы, жылы, сөздері де көркем кестеленгендіктен ұзақтығы білінбейтін. Мен де ұлы сазгерді жалықтырмау үшін барымды салып, көркемдеп оқып бақтым.

БАҚЫТ ҚҰШАҒЫНДА

Ол кезде басқа ел деген,

Бұл сөзім шың деп ұғыңыз...

Бесігін қыдыр тербеген,

Берекелі үйдің бірі — біз.

*Жүреді әжем «құрғырлап»,
Асыр да салып жатамыз.*

*Білдірмей келіп, бір күнде-ақ,
Бойжетті екі апамыз.*

*Монтиған өңшең ботақан,
Көреміз пана оларды.*

Сол жазда менің екі апам,

Бір әнге әуес боп алды:

*«Кел, билейік, кетпе менің қасымнан,
Қызғалдағым таң нұрымен ашылған.*

*Сезім шіркін ақ жаңбырға ұқсайды,
Алматыда жаңа жауып, жауа жауып басылған».*

*Жағатын жәй жаңбыры,
Алматы ол не? Қала ма?*

Билей ме онда барлығы?

Бәрі де жұмбақ балаға.

*Кімдікі мынау бөлек ән,
Самалы басқа, сазы өңге?*

— Үкіметімікі, — деді анам,

— Ұқсайды, — деді әжем де.

*Екі қыз елең етпеді,
Жақпайды-ау, әсте, дау мына.*

— Шәмшінің әні, — деп мені,

Басқан-ды бірі бауырына.

*Қашты да кетті ертесін,
Ән болды ғажап, міне, бұл.*

*— Мен жамылам, — деп, — көрпесін,
Таласып жаттың кілең үл.*

*Айтты да аз күн сол әнді,
Келер жыл көктем шығарда,*

*Кіші қыз тағы жоғалды,
Не болды, ей, тегі, бұларға?!*

*Жылады қимай шешеміз,
Ал әкей сыртқа жөнелді.*

*Тып-тыныш едік кеше біз,
Кім өзі Шәмші дегені?*

*Қана боп «қатал» әниіге,
Қыс өтті, көктем оралды.*

*Өкпелеп жүрпін Шәмшіге,
Өзім де салдым сол әнді.*

*Еске алсам бала шағымды,
Күлемін іштей осы күн.*

*Екі апам — екі үй кәдімгі,
Тербеген қыдыр бесігін.*

*«Ағалап» көп ұл қосыла,
Шығады алдан күлімдеп.*

«Ел болмас жиен» осы ма?

*О, тәубе, — деймін, құдырет!**

*Саламыз әнге тағы біз,
Ол әннің, досым, бар сыры.*

*...Отырып алып бәріміз,
Мақтаймыз сосын Шәмшіні.*

Мәлдірете жазылған әдемі әңгіме сияқты оқиғалы өлеңге Шәмші аға да разы болды-ау деймін, тіпті кей тұсына жымпып күліп те алды. Сосын:

— Өзін жаздың ба?— деді маған да ұнай бастаған қарлығыңқы даусымен. Сол дауыс әлі күнге дейін құлағымда тұр.

— Жок, — дедім, — Есенғали деген ақын бар Алматыда. Соның өлені. Сіз туралы болған соң кітабын әдейі үйден әкеп, оқып беріп жатқаным ғой.

— Пейіліне рахмет, айналайын! Жақсы ақын екен, менен сәлем айтарсың.

Жадап-жүдеп жүрген адамға жылы сөз де ем, жылы лебіз де шипа. Шәмші аға сол жолы Есенғалидың өлеңін тындап бір марқайып қалды.

Бір қызығы, мен бұл жайлы Есенғалиға айтқан емеспін. Бірақ мен үшін ең бастысы, Шәмші аға өзі жайлы жазылған жақсы өлеңді өзінің көзі тірісінде тындап кетті мына жалған дүниеден.

Интернетте Есағанның суреттері көп. Бәрі болған, толған шағындағы бейнелері. Ал мен алғаш көрген кездегі Есағанның түрі өзінің мына жыр жинағының мұқабасындағы бейнесі сияқты болатын. Сол кез, сол сурет, сол сөз ем таза кез екен ғой...

Бақұл бол, Есаға!



Елімізде қандай да бір банктің лицензиясы жойылғанда, салымшы ондағы қаржысын депозитті кепілдендіру жүйесі шеңберінде қайтара алады. Бірақ кейбіреулер ақшасын алуға асықпайды. Сұраусыз ақша банк есебінде қалып қоюы мүмкін. Енді бұл мәселе өз шешімін тапты.

Түйткіл

Ауыл қазақтың жаны дейміз. Бірақ ауылда не қалды? Баяғыдай қоралы қой, ақтылы мал бар ма? Әй, қайдам. Қазіргі ауылдардың көбінде үй салатын тоқымдай телім түгілі, мал бағатын жайылым жоқ. Сондай бір ауылдың жері тұтастай жекешеленіп кеткен. Түркістан облысының Қазығұрт ауданына қарасты Шарбұлақ ауылында әкімдікке қарайтын жер телімдері кәсіпкерлерге бөлініп кетіпті. Тұрғындардың сөзіне сенсек, ауыл ішін сатқан әкім-қаралар енді мал жайылатын жайылымға ауыз салыпты, жайылымды гектар-гектарлап сатып жатқан көрінеді.

ЖЕР КӨП, ЖАЙЫЛЫМ ЖОҚ



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Бір кездері үлгілі ауыл болған елді мекеннің жерін бас-аяғы 20 жылда бизнеске үлестіріп ту-талақайын шығарған. Осылай деген шарбұлақтықтар жекеге өтіп кеткен жерлерді прокурорлар мен жемқорлыққа қарсы құзырлы орындар түгел тексерсін деп талап қойды. Шарбұлақ кезінде Қазығұрт ауданындағы үлгілі ауыл болған. Талай спорт шебері мен еңбек ерлері шыққан. Тек соңғы 15–20 жылда ауыл тозып кетіпті. Себебі ауылдағы клуб пен спорт үйірмелері жекеменшікке өтіп, ақыры жабылып тынған. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, жасы да, көрісі де көше кезіп, ішімдікке құмартып барады.

Өз ауылының бұрынғы келбетін сағынған Шәкір Нұржігіт: «Бұл жерден күндіз-түні жастар шықпайтын, спортпен шұғылданатын. Қазір бұлардың барлығы жекешеленіп кетті. Жастардың спортпен шұғылданатын еш мүмкіндігі жоқ. Әзір қай жер болса, сонда қаңғып жүр. Бұзақылық, арақ ішу, карта ойнау. Баратын жер жоқ. Айналысатын кәсіп жоқ», — деп ашынады.

Ауылда жер болмаса, мал болмайды. Ауыл сані — төрт түлік мал. Ал Шарбұлақта мал жаятын жер жоқ. Халық саны көбейіп жатыр деген желеумен атқамінерлер жайылымды сатып жіберген. Бірақ ауылда 25 жылдан бері жер кезегінде тұрған бірде-бір тұрғынға тегін телім бұйырмапты. Сонда атқамінерлер жерді кімге беріп жүр? Бұл да басы ашылмаған сұрақ.

Жерге қолы жетпей жүргендердің бірі — Қалжан Елшібаев. Ол: «Ана жақта көріп тұрсыздар, гектарлап алынған жер. Әкімдікте туыстары бар, жер бөліміне қатысы бар адамдар бәрі. Жер бөлімінде істейтіндер гектарлап жер алып жатыр. Бізге жер жоқ. Қарапайым адамға жер жоқ. Ауылда неше адам кезекте тұр. Олар барса, «жер жоқ» дейді. Ақшасы бар адамға жер табылады», — дейді.

Үй салуға ұлтарақтай жер сұрап жүрген Шарбұлақ ауылының тұрғындары енді жайылым жерінен де айырылып жатыр. Себебі қой мен жылқысын жайып жүрген жер аяқ асты мақсаты өзгеріп, үй салуға арналған учаске болып шыға келіпті. Мұны жұрт енді біліп отыр. Ал бұл жерде кәсіпкерлікке арналған қора-қопсы тұр. Бірақ оның қаншалықты заңды немесе заңсыз екенін ауданның шенеуніктері де айта алмайды.

«Шарбұлақтықтар шулап жатыр» дегенді естіп, жиналған топқа аудан басшылары келеді. Ол «Ондаған гектар жайылым жердің мақсатын өзгертіп, жер учаскелеріне бөліп жатқанымыз рас», — дейді. Тіпті сол телімнің ауыл тұрғындарының бірде-біреуіне бүгінге дейін тегін берілмегенін өздері мойындап отыр.

Қазығұрт ауданы әкімінің орынбасары Тайбек Қалымбетов: «Рас, бес-алты бала-шағасы бары арыздарын жазсын. Комиссияда қараймыз. Егер инфрақұрылымы сәйкес келсе, жер береміз. Кезекшілік жоқ», — дейді. Оған ауыл азаматтары қайтара сұрақ қояды. Әкім мен тұрғындар арасындағы диалог былай өрбиді: — Инфрақұрылым дейсіз, ал ол сәйкес пе? — Ауыл ішінде болса, электрі мен суы жақын болса, беруге болады.

- Ондай жер бар ма?
- Комиссияда қараймыз.
- Бар ма?
- Ішінара табылады.
- Қанша учаске табылады?
- Мен оны қазір айта алмаймын.

Шенеуніктер жайылым жердің мақсатын өзгеріп тұрғын үй салуға деп бөлгенімен, инфрақұрылымның нақты қашан жүретінін айта алмайды. Ал тұрғындар түгел жекешеленіп кеткен Шарбұлақ ауылындағы сатылымды тексерсе, талай былықтың ашылатынына сенімді. Енді олар прокуратура мен облыс әкіміне дейін арызданбақшы.

Бек ӘБИЕВ,
КТК тілшісі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



Қызылорда облысының Жанакорған ауданына қарасты Түгіскен ауылында да дәл осындай жағдай қалыптасты. Astanatv.kz хабарлағандай, ауыл жұрты мал жаятын жайылым таппай отыр. Тұрғындардың айтуынша, елді мекен айналасындағы шұрайлы жерді жеке кәсіпкерлер иемденіп алған. Ал жергілікті жұрт қожайынның рұқсатынсыз, ол жерді пайдалана алмайды. Іргедегі суы мол, шөбі шүйгін жайылымға иелік ете алмаған соң, төрт түлікті қорада бағуға мәжбүр.

Түгіскен ауылының тұрғыны Әділхан Әдепов: «Жайылымдық жердің бәрін сырттан келген адамдар алып алған. Ішкі жайылымдық дейді. Ол бір шақырымға жетпейді. Егістен қашықтығы 500–600 метр ғана, төңіректің бәрі сондай. Қалған жердің барлығын түгел сырттан келген адамдар сатып алған», — деп күйінеді.

Ауыл азаматтары «Жер тапшылығын әкім-қаралар қолдан жасап отыр, тіпті тау беткейіндегі шөбі шүйгін жерді де таратып бітті» дейді. Ол аздай, шекті мөлшерде берілетін суға да ортақтасып отырған көрінеді. Әбсаттар Жұманов: «Сырттан малы көп адамдар таудың беткейінен, басқа жақтан мың гектарлап жер алған, қоршап алған. Қоршамаса да, қарауыл қойған. Ол жаққа мал кіргізбек түгілі, демалуға рұқсат жоқ. Ал біздің жерге келеді де, қасына келіп отырып алады. Қораны қиратады, біреуге 5–10 мал беріп жаяды. Ақырында мынадай дауға ұласып отыр», — дейді.



Халық жерді өзгелерден қайтаруды талап етеді. Ауылға аудан әкімін шақырып, өздерін арыз-шағымын жеткізген. Жанакорған ауданының әкімі Руслан Рүстемов: «Ауылдық жердің шекаралық аумақтарын қайта қарау жөнінде облыстық мәслихаттың қарауына ұсынылды. Облыстық мәслихатта жуық арада ол бекиді. Содан кейін сол құжатқа сәйкес ауылдың шекаралық аумақтары қайта қаралады» — деген уәж айтты. Мәселе мұнымен бітсе, жақсы. Тұрғындарда үміттен гөрі күдік басым.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

P.S.

Наурыз айында өткен Жер реформасы комиссиясының алғашқы отырысы өткенін, онда жерге қатысты өзекті мәселелер сөз болғанын *Jas qazaq* жазған болатын («Жер жетеді, бірақ диқан мен малшыға жер жоқ», №12). Сол жиында қоғам қайраткері Мұрат Әбенов жерді бөлу құзыретінің әкімдерде болуы дұрыс емес деген пікірде. Екі ауылдағы оқиға оның осы сөзін расқа шығарғандай. Қалайда бұл мәселе аяқсыз қалмауы тиіс.



БАНК ЖАБЫЛСА ДА, АҚША ИЕСІН ТАБАДЫ

Осыған қатысты Бірыңғай зейнетақы жинақтау қоры (БЗЖК) мен Қазақстан депозитті кепілдендіру қоры (ҚДКК) тарапынан түсініктеме берілді.

ҚДКК түсініктемесі бойынша, заңның жана нормасы 2021 жылдың 1 мамырында күшіне енеді. Алайда нақты іс-қимыл келесі жылдың 1 мамырында ғана басталады. Таратып айтсақ, лицензиядан айырылған банктің есепшотында талап етілмеген қаржы қалып қойған жағдайда ол соманы 2022 жылдың 1 мамырынан бастап алуға болады. Ал талап етілмеген қаржы БЗЖК-дағы салымшы есебіне ерікті зейнетақы жарнасы түрінде аударылады.

БЗЖК қажетті мәліметті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен алады. Егер БЗЖК-да әлгі адамның есепшоты жоқ болса, оны автоматты түрде ашып береді.

БЗЖК түсініктемесінде айтылғандай, қолданыстағы заң бойынша, жұмыс беруші қызметкерінің есебіне жалақының он пайызын аударуға міндетті. Ол міндетті зейнетақы есепшотына түседі. Сөйкесінше, ол міндетті зейнетақы жарнасы (МЗЖ) деп аталады. Сондай-ақ тұрғындарға ерікті зейнетақы есебін ашуға мүмкіндік берілген. Мәселен, өзін-өзі жұмыспен қамтитындар тапқан табысынан ерікті зейнетақы жарнасын (ЕЗЖ) аударады. Кепілдендірілген депозит өтемі осы ерікті зейнетақы есебіне жіберіледі.

«Екеуі де бірдей инвестицияланғанымен, МЗЖ мен ЕЗЖ арасында айырмашылық бар. Мәселен, ЕЗЖ-ны 50-ге толған соң, яғни зейнетақы жасына жетпей алуға болады. Инфляция шарықтаған кезде МЗЖ мемлекет тарапынан индексацияланады. ЕЗЖ-на ондай кепілдік жоқ», — деп түсіндіреді БЗЖК.

Айта кету керек, жабылған банктен зейнетақы жинағына аударылған қаржы да инвестициялық табыс әкеле алады. Банк клиенті өз есепшотынан ақшасын бір жылға дейін алып үлгермесе де «Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктерге салынған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» заңға сәйкес, ҚДКК-на өтініш бере алады. Өз кезегінде қор БЗЖК-на хабарлама жібереді. Сөйтіп депозит иесі өз ақшасын БЗЖК-дан алады.

Осы өзгеріс ҚДКК-на талап етілмеген қаржыны иесіне қайтаруға көмектеседі.

Сөйтіп алдағы уақытта қандай да бір банк лицензиясынан айырылса, кепілді өтемді бастағаннан кейін клиенттердің банк-агент арқылы ақшаны қайтаруына бір жыл уақыт беріледі. Бұл орайда бүкіл депозит сомасы емес, кепілдендірілген депозит сомасы, яғни ҚДКК салымшыға қайтаруға кепілдік беретін соманың БЗЖК-ға аударылатынын ескерген жөн.

Қазіргі кезде кепілдендірілген сома мынадай:

- жинақтаушы теңге депозиті — 15 млн теңге;
- банк шотындағы теңге салымы, төлем картасындағы ақша — 10 млн теңге;
- кез келген шетел валютасындағы депозит — 5 млн теңге.

Қалған сома банк толық жабылып, салымшы ликвидациялық комиссияға өтініш жазғаннан кейін қайтарылуы мүмкін.

Талап етілмеген кепілдендірілген қаржы зейнетақы есепшотына аударылған соң инвестициялық табыс әкеле бастайды. Дегенмен Бірыңғай зейнетақы жинағын пайдалану ережесіне сәйкес, бұл қаржыны тұрғын үй жағдайын жақсартуға және емделу үшін шешіп алуға рұқсат жоқ. Бұл мақсатқа тек міндетті зейнетақы жарнасы мен міндетті кәсіпқойлық зейнетақы жарнасынан жиналған қаржыны ғана (шекті мөлшерден асқан жағдайда) пайдалануға болады.

Кепілдендірілген өтем басталған мерзімнен кейін бір жыл бойы өз ақшасын алып үлгермеген салымшы ерікті зейнетақы жарнасы түрінде аударылғаннан кейін де ҚДКК-на жүгіне алады. Мұндай жағдайда қор БЗЖК-на хабарлама жібереді. Содан кейін салымшының қалауымен қолма-қол ақша түрінде немесе банк шотына аудару арқылы қайтарылады.

Талап ТІЛЕГЕН



JAS QAIRAT – 30



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Jas qazaq газетінің арнайы жобасы. Тәуелсіздік құрдастары өзі туралы, егемен елдің мерейі туралы ой қозғайды.

Ернұр Қарықбол – «Салтанат» мемлекеттік би ансамблінің бишісі. Тәуелсіздіктің құрдасы. Егемендікпен бірге елге келген миллионға жуық қандасымыздың бірі. Өнерлі жастың тәуелсіздік қадір-қасиеті, елдік ерен ұғымы туралы өз айтары бар.

Мен Қытай Халық Республикасының Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Монғолкүре ауданында дүниеге келдім. Бала кезімнен бері, яғни балабақшадан бастап би өнеріне ден қойдым. Отбасында төрт ағайындымыз. Ішіндегі ең еркесі, кенжесі болып өстім.



Өнер жолындағы алғашқы мектебім – Қытайда, сол жақтағы ең үлкен өнер ордасынан басталды. Сол жерде Бақытғұл, Базархан, Ажар Ожарқызы сияқты ағай-апайларымыздың сыныбына түсіп, қазақ өнерінен, әлем халық билерінен сабақ алдым. Сол мектепті үздік тәмамдадым. Қытайда сол 3 жылдық хореографиялық училищені бітіргеннен кейін, Іле қазақ автономиялы облыстық мемлекеттік би театрына қабылдандым. Онда біраз жыл жұмыс істедім. Қытай ішіндегі каншама қала, ауыл, аудандарға барып концерт қойып, халықаралық байқауларға қатыстым. Ол кезде Қытай азаматы болғаннан кейін, қазақ биімен және басқа ұлттардың ұлттық биімен қатысып жүрдім. Аллаға шүкір, ол жақта үлкен-үлкен сахналарда өнер көрсетіп, талай байқауда

жүлделі болдым. Қытай елінің мемлекеттік қазақ би театрында бас-аяғы бес жылдай қызмет еттім. Үлкен тәжірибе жинадым. Бүгінгі жетістіктеріме жетуімнің алғашқы баспалдақтары сол жақта қаланды. Би – бойыма Алланың берген таланты шығар. Мұғалімдерімнің ақыл-кеңесі, тәрбиесі өнерімді ұштады. Биге құмартуым – мені осы өнердің шыңына жетуге жетеледі. 2004 жылы ата-бабамның кіндік қаны тамған қазақ еліне бірінші рет қадам бастым. Асқар Наймантаев ағамыздың кешінде «Бүркіт» биін билеп, алғаш рет Республика сарайына өнер көрсеттім. Одан кейін «Бауыржан шоу» театрының мерейтойында «Аққу» биімен өнер көрсеттім. 2004 жылы қазақ еліне алғаш келгенімде екі ай бойы халық артистерімен бірге болып, Нұрғали Нүсіпжанов, Ескендір Хасанғалиевтермен үлкен концерттерде болдым. Ол Қазақстанға жаңадан келген кезім ғой. Қытайда жүргенде «Қазақстаныма барсам, кең-байтақ қазақ даласына табаным тисе, Алатауды, Арқа мен Жетісуді, Атырау мен Қаратауымды көрсем» деуші едім. Сол елде өнер адамдарымен бірге жүрсем деген арман



болушы еді. Сол мөп-мөлдір армандарымның бір бөлшегіне жеткендей болдым. Екі айлық өнер сапарында Қазақстанның барлық пойыз стансасына тоқтап, ауыл-аудандарды аралап, қала, облыс орталықтарына тоқтап көп концерт бердік. Сол сапарда бала кезімнен ансамп-

армандаған Қазақстанымның кең-байтақ жерін бір шарлап шықтым. Тәуелсіздік біз үшін баға жетпес байлық! Тәуелсіздіктің таны атпағанда, біз ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамған жерге

БҰЛ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ, ЕЛДІКТІҢ ЖЕМІСІ!

келе алмас едік. Қазақ елінің де, қазақ тілінің де, халықтың да болашағы болмас еді. Қазақ өнері өркендеп, дамымас еді. Сол үшін Тәуелсіздікпен, қазақ елінің егемендігімен мақтанамын! Қазақтың осындай Тәуелсіз кең-байтақ жерімен, көк туы желбіреген егемен еліммен мақтанамын! Шетелдерде әртүрлі жарыстар, өнер сайыстары болған кезде, жүлде алар кезде «Қазақстан! Ернұр Қарықбол!» деп шақырған кезде, тілмен айтып жеткізе алмайтын ерекше күйге бөленемін. Қазақ болып туғаным, «Әр қазақ менің жалғызым» дейтін елімнің болғанына мақтанамын! Қайбір жылы Шешенстанда өткен 9-кезекті халықаралық Махмұд Есенбаев атындағы жеке номинациясына барған кезімде Қазақстанның атынан бак сынадым. Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйіне би биледім. Монғолдың халық биі «Кесе» биін биледім. Алты мемлекеттің әділқазылары отырды. 16 мемлекеттен келген мықты көсіби маман иелері сайыста бірге бак сынадық. Сол жерде «Аққу» биін билеген кезде әділқазылардың маған қойған бағасы жоғары болды. Сайыстың аты – сайыс. Шынымды айтайын, бас жүлдені аламын деп ойлаған



грамотасын, ақшалай жүлдесін тапсырған кезде көзіме жас келді. Қуаныштың көз жасы! Сол сәтті әлі ұмыта алмаймын. Биімен өрілген өмірімде болған үлкен жетістігім деп есептеймін. Әрине, Қазақстанның атынан бармағанымда, қазақ жеріне келмегенімде, Тәуелсіз еліме оралмағанымда, ондай бак, ондай жетістік бұйырмас еді. Осының бәрі Тәуелсіз Қазақстанымның арқасы! Елдіктің еншісі, егемендіктің жемісі!

Жастар үні

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында жастар саясатына қатысты да қордалы мәселелерді қозғады. Қоғамның қозғаушы механизмі, елдің келешегі кемел болуының кепілі де жастар болғандықтан, бұл мәселеге атүсті қарауға әсте болмайды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мақаласында жастарымыздың шетелге көптеп кетіп, елге оралмай жатыр деген пікірге қатысты айтқан ойын құптаймын. Аймақтану магистрі ретінде зерттейтін салам болғандықтан, қадағалап жүрем, еңбек миграциясы мәселесі аса маңызды. Әлемде қазір «үлкен Қытай» деген түсінік бар. Халқының саны жөнінен алдыңғы қатардағы Қытай мемлекеті жұмысшы күшін шартарапқа жіберіп, осындай термин қалыптастырып отыр. Қоңсылас көршіміз Өзбекстанды алайық. Өзбек билігі сыртқа кеткен еңбек миграциясы мемлекетке орасан қаржылық кіріс кіргізетінін мақтанышпен айтады. Жұмысшы күші сырт елдерден қаржы тауып, өз еліне аудару арқылы салық төлейді, басқа да мемлекеттік төлемдерді өтеп еліне пайдасын тигізіп келеді. Қоғамда шетелге кеткен жастарымыздың оралуы сиреді, талантты өрендер өзге елде ұлтан болып қалып қояды деген де пікір бар. Сыртқа шыққаны, көргені, таным көкжиегін кеңейткені дұрыс. Кезінде Бірінші дүниежүзілік соғыстың тыл жұмыстарына 19-45 жас аралығындағы азаматтарымызды жібермейміз деп халық өре түрегелгенде, Алаш қайраткерлері «қайта ел көріп, тәжірибе жинап, өзге елдің дамуы қандай екеніне көз жеткізіп, жастарымыздың алға ұмтылысы болмайды ма?» деп шетелге көптеп шығудың маңыздылығын айтқан еді. Елбасымыздың өзі әлемдік тәжірибеден, әсіресе, Сингапур мысалдарында «ак жағалылар» реформасына сілтей отырып, әуелі шетелге жастарды оқытуға ден қояуды бастап еді. Соның көрінісі 1993 жылы елең-алаң шақта Тұңғыш Президентіміз елдің экономикалық

ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Жастар шетелге барса, тәжірибесі толысады, таным көкжиегі кеңейеді, біліктілігін шыңдайды. Сондықтан мұндайға үрке қарауға болмайды. Өмір әлемдің жаһандандудың процесі. Мақалада қамтылған тағы бір бағыт – президенттік кадр резерві. Ел ішінде каншама талантты жастар бар. Міне, солардың томағасын сыпырып, қанатын кенге сермейтін тұғыр беруіміз керек. Ел басқару жолында алдыңғы буынның ізін басып, ісін жалғар жастардың шоғырын қалыптастыру мүддесімен құрылған

кадрлық резерв те жемісін беретін жоба деп санаймын. Билік басына келген әрбір азамат Президентіміз айтқандай «ең алдымен ұлттық мүддеге берік болуға тиіс». Тұңғыш Президентіміздің тұсында да әкімшіліктік реформалардың алды ретінде мемлекеттік қызметкерлерді іріктеп, сұрыптау бағытында «А» және «Б» корпусы сынды қызметтің жаңа моделі қалыптасты. Бүгінгі Президенттің кадрлық резерві осы жобаның жүлдесін үзбей жаңастырушы іспетті. Бұл жерде қабілетіне, еңбек тәжірибесіне, дайындығына қарай бәсекелестік ритмде сынақтан сұрыпталады. Бұл мансаппен өсемін, елге қызмет етемін деген жасқа үлкен мүмкіндік. Жас ұрпақтың таланты мен талабын тиімді бағытта дамытып, ел мүддесіне бойлату мақсатында Президент жанындағы жастар кеңесінің қызметін жандандыру керектігін баса айтты. Рас, өскелең ұрпақтың бағыты айқындалғанда ғана көшіміз көшелі болады. Жастар кеңесі білегіне емес, біліміне сенетін, барлығын да біліктілікпен байыптайтын шоғырлдың бас қосар алаңына айналуы тиіс. Әрине, жастың мәселесін тек жас біледі, сол себепті, жастармен кеңес құра, ақыл тербете, бірге шешімін іздеу форматы, бұл бүгінгі қоғамдық талап, осыны билік өте орынды қолға алып отыр. «Тәуелсіздік ұрпақтары» деген грант тағайындау ұсынысы да уақытылы шешім. Тәуелсіздігімізді жариялап, болаңдықтың қылбұрауынан босаған елең-алаң шақта өмір есігін ашқан бала, бүгінде орда бұзар отыз жасқа шығады. Тәуелсіздік жылдарында өмірге келген талапты жастардың қанатын қатайту үшін мұндай гранттар молынан болғаны жақсы. Тек білім беру гранттары ғана емес, кәсіпкерлікті өрістеткісі келетін, ғылымның терең жаналықтарын ашамын деген жастарға да қолдау көрсетіп, шығармашылығын шыңдауды қалайтын өнерлі шоғырға да мемлекеттік гранттар тағайындалып, талапты буынның томағасын сыпыратын жобаға айналуы тиіс. Димаш Құдайберген, кешегі Иманбектердей жастардың әлі деп көптеп шығатынын, паш ету керек. Президент мақаласында талантты жастар рухани елшілеріміз екенін баса айтты. «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен озым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген хәкім Абайдың даналығы қашанда құнды. Бүгінгі заманның батырлары білектің күшімен емес, білімді ісімен дараланады. Қ.Тоқаев ел дамуының басты қозғаушы күші білім мен технологияны игерген, еңбек өнімділігі жоғары жастар деп баға береді. Мағжан ақын арыстандай айбатына, жолбарыстай қайратына сенген жастардың жалыны қай кезде де қуатты. Елінің ертенін ойлаған мемлекет жастарына жағдай жасайды алдымен.

Мақсат ЖАҚАУОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ, аға оқытушысы,
«Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі





Иман Өткен жылы Атырауда 172 адам радикалдық көзқарасынан бас тартып, дәстүрлі Әбу Ханифа мезһабына оралды. Бұл туралы бізге Атырау облысы дін істері басқармасының басшысы Хайролла Көшқалиев айтып берді.

РАДИКАЛДЫҚ КӨЗҚАРАСТАН БАС ТАРТҚАНДАР

«Бұл — кезең-кезенімен жүзеге асқан оналту шараларының нәтижесі. Басқарма мұндай кешенді шараларды әдетте тиісті органдармен бірлесе отырып атқарады» делі бізге берген мәліметінде Хайролла Көшқалиев. Оның айтуынша, Атырауда оналту шаралары бірнеше бағытта жүреді. Олар — жеке кездесу, ұжымдық кездесулер, теологиялық, психологиялық әңгімелесулер. Деструктивті көзқарастарынан түбегейлі бас тартқандардың арасында «Жусан» операциясы арқылы Сирия жерінен елге оралғандар да бар. «Отты нүктеден» елге оралып, бостандықта жүргендердің дені дәстүрлі мезһабты қабылдады деуге болады. Тіпті олардың кейбіреуі «Шапағат» деструктивті ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығында жұмыс істеп жүр. Олар жат ағымға ерген жандармен кездесіп, бастан өткерген оқиғалары, кателіктері туралы айтады. Осындай нақты өмірлік мысалдар оналту бағытындағы жұмыстарға ауадай қажет. «Жусан» операциясымен оралғандардың тағы бір тобы қысқа мерзімді кәсіптік оқу курстарынан өтіп, түрлі сала бойынша еңбек етіп жүр. Ең бастысы, олар түзу жолға түсті. Радикалдық көзқарасынан қайтқандар арасында «Жусан» арқылы елге келіп, 6-8 жылға дейін бас бостандығынан айырылған

Шағын кесіп Елімізде кәсіпкерлік бағытты қолдауға барынша жағдай жасалған. Шағын және орта бизнесті ілгерілетуде үкімет бекіткен бағдарламаның көмегі мол. Бұл ретте «Еңбек», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының бағыты айқын. Былтырғы жылы «Еңбек» бағдарламасының шарапатына бөленген шымкенттік Дилдара Қартаева және Мөлдір Жұмаханқызы деген қос келіншек қалада тұрып-ақ, үй жағдайында үйрек өсіріп, оның тұқымын алып, көбейтіп, етін сатып табыс тауып отыр. Шындығында, мұндай кәсіпке екінің бірі бара бермейді, жүрексінеді. Біздің ойымыз осы келіншектерге қарап өзгерді. Үйрек, қаз сияқты асыранды құстарды бағып-қағу — ең бір тиімді кәсіптің бірі екен.

Құс шаруашылығы — ауыл шаруашылығының ең жана және ең қарқынды дамып келе жатқан саласы. Өнімнің қысқа мерзімде өндірілуі нарық сұранысына бағыт-бағдар ұстауға мүмкіндік береді. Тауарлы құс шаруашылығы, негізінен қала маңына шоғырланғанын байқап жүрміз. Шымкент қаласының тұрғыны Дилдара Қартаева өткен жылы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушы ретінде қалалық жұмыспен қамту басқармасына мемлекеттік грантка құжат өткізген. Оның бизнес жоспары комиссия тарапынан мақұлданып, есепшотына грант қаражаты (200 АЕК) аударылған. Кейіпкеріміз ол ақшаға «бісмиллә» деп 100 бас



әйелдер де бар. Қазіргі таңда олардың сәбилері Атыраудағы «Шанырақ» отбасылық үлгідегі балалар ауылында тәрбиеленіп жатыр. Хайролла Көшқалиев: «Облыста осындай күрделі жағдайда қалған бірнеше отбасы бар. Олармен оналту жұмыстары жүргізілуде», — дейді. Деструктивті ағымдармен күрестің тағы бір бағыты — интернет кеңістікті радикалдық ақпараттардан «тазалап» отыру. Мәселен, өткен жылы Атырау облысында дәстүрлі емес діни бағытты насихаттайтын әлеуметтік желідегі 30 000-нан астам топ бұғатталған. Хайролла Көшқалиев: «16 696 қолданушының әлеуметтік желідегі парақшаларына зерделеу жүргізіліп, 362 адамның парақшасы дінтану сараптамасына жолданды. Соның нәтижесінде 60 мыңнан астам аккаунт иесі интернет желісінен шығып, діни ақпараттарын жойды. Бүгінде Атырау облысында интернет кеңістігі деструктивтік діни ағым идеологиясынан 80 пайызға тазартылды. Ендігі кезекте имамдар әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізіп, босаған кеңістікті діни



материалдармен толықтырады. Оларға заманауи технология көмекке келеді», — дейді. Айта кетейік, қазір Атырау облыстық дін істері басқармасы жанынан Ақпараттық талдау орталығы жұмыс істеп жатыр. Интернет кеңістікке мониторинг жасау — осы мекеменің құзырында.



Қолданыстағы заңнамаға сөйкес, деструктивті бағыттағы материалдарды әлеуметтік желіде жариялауға, насихаттауға болмайды. Х.Көшқалиев: «Сол себепті, мониторинг бірнеше кезеннен тұрады. Бірінші кезеңде құқық бұзушылықты анықтаймыз. Екінші кезең — қолданыстағы заңнаманы түсіндіру, яғни әкімшілік алдын алу кезені.

Мұндайда жұмысқа шыға алмайтыным анық. Ата-енемнің қолында тұрмағандықтан, бала-шағаны аманаттап қалдыратын адам жок. Балаларға қарап, отағасының тамағын жасағаннан басқа жұмыс та жок. Әрине, үш




балаға қарау онай шаруа емес. Дегенмен қазақтың келінімін ғой, мұны да үйрендік. Кезінде апаларымыз қаншама балаға қарай білген ғой. Балаларым шираған соң құр отыра бермей, үй жағдайында кішігірім кәсіппен айналысуды жөн көрдім. Бала күнімнен еңбекқормын. Қол қусырып отырғанды жаратпаймын. Оның үстіне балалар есейген сайын шығын молайады. Сонымен қосымша табыс тауып, отбасылық бюджетімізді молайтуға үлес қосуды қаладым. Ойлана келе, құс өсіруге тоқтадым», — деді. — Неліктен үйректі тандадың? — Үйрек асыраудың еш қиындығы жок. Жұмысы жеңіл. Тауық, күркетауықпен салыстырғанда күтімді көп қажет етпейді. Ең бастысы, суы жеткілікті болуы керек. Қазір Шымкентте тұрамыз. Қалада көп күтімді талап етпейтін, асырауға болатын құсты тандадым. Егер суы болса, сол судың түбін қазып, балшық жеп жүреді. Мен үйде асыраған соң, шұңқыр ыдыстарға су толтырып, ішіне таза құм салып қоямын. Қысы-жазы таңнан кешке дейін сол суда шомылады. Күн суыта бастағаннан денелеріне май жинайды. Жем таңдамайды. Ұсақталған арпа, бидай, жүгері беремін. Түнде ұйықтайтын орнына қалың шөп төсеу керек. Беті жабық, не биік жердің де қажеті жок. Тағы бір ерекшелігі, жұмыртқасын өздері жинап, басып шығарады. Мұны көп адам біле бермейді. Бастысы — жемін уақытылы беріп, астын тазартып, шөбін қалыңдатысаңыз, болғаны. Әрине, әр істің өз қиындығы болады. Ең бастысы — жұмысыңызды бар ынтамен істесеніз, жемісін береді. Мөлдір үйректердің көктемде күн жылына бере жұмыртқалай бастайтынын айтты. «Қанша үйрек болса, сонша ұй жасау керек. Себебі олар бір ұяға таласып жүргенде жұмыртқаларды шірітіп алуы мүмкін. Үйрек жұмыртқалай бастағанда, оның ұясына тиісуге болмайды.

Мұнда мемлекеттік органмен қатар, деструктивті ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсететін «Шапағат» орталығы да жұмыс істейді. Осындай бірлескен жұмыстар нәтижесінде өткен жылы деструктивті бағытта ақпарат таратқан 1 177 аккаунт анықталды. Оның ішінде, 63 аккаунттың иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 17 мыңнан астам аккаунттар мен сайттар бұғатталды», — деді.

Интернет кеңістік дегеннен шығады, мамандар ата-аналарды балаларының ғаламтор әлеміндегі әрекеттерін бақылауда ұстауға шақырып отыр. «Өкінішке қарай, көп жағдайда ата-аналар балаларының қандай сайттардан ақпарат алып жүргенін біле бермейді. Әсіресе, «өтпелі кезеңдегі» жасөспірімдерде дінге деген қызығушылық жоғары. Бұл — назар аударатын мәселе. Кейде ата-аналардың өтінішімен баланың әлеуметтік желілердегі аккаунтын анонимді жағдайда тексеріп те жатамыз. Бірақ мұндай өтінімдер сирек түседі», — дейді Атырау облысы дін істері басқармасы басшысы Хайролла Көшқалиев. Жат ағыммен күресті айтқанда, шетелде діни білім алу мәселесіне де тоқталмай кетпесек болмайды. Әдетте, «шынайы мұсылман елінен исламды оқып келдім» деген өз азаматтарымыздың арасынан қауіп туындап жататыны да жасырын емес. Осы ретте Хайролла Көшқалиев «шетелден білім алдым» деп жүргендердің нақты әрекеттері туралы ашып айтып берді. Ол: «Шын мәнінде, біздің азаматтарымыз шетелге теологиялық білім алу үшін емес, араб тілін жетік меңгеру мақсатында аттанады. Осылайша олар араб тілін оқытатын орталықтарға жазылады. Оны «марказдар» деп атайды. Осындай марказдарда тіл үйретушілер шетелдік азаматтарға араб тілімен бірге, «діни» білімді қоса береді. Сәләфилік идеологияны саналарына кұйып, оның шынайы ислам екендігін айтады. Марказды аяқтап, сертификат алған азаматтарымыз уланған санамен елге оралып, үйренгенін айналасына насихаттай бастайды. Ақыр соңында радикалдық идеяларды дөріптегені үшін жауапкершілікке тартылып жатады. Сол себепті мұндай аудиторияның жақындарымен, туыстарымен де оналту, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз», — дейді. Бүгінгі таңда Қазақстан діни білім беруде үлкен тәжірибе жинақтады. Дін саласының білікті маманы атанғысы келген жастар шетелдегі күмәнді марказдарда емес, өз еліміздегі оқу орындарына түсіп, тексерілген, сапалы білімді ала алады. Қазіргі уақытта елімізде 13 діни білім беру оқу орны жұмыс істеп жатыр. Дінге қызығушылық танытқан қаракөздеріміз интернеттен емес, мешіттерден, елдегі діни оқу орындарынан білім іздегені жөн.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау қаласы

Әйтпесе, үйрек жұмыртқаны баспайды», — деп өз кәсібінң құпиясымен бөлісті. Кәсіпкер келіншек келе-келе балапан аштыруды үйреніпті. Жұмыртқаны үйректің астына сыймаған соң инкубатор сатып алып,



тауып отырған екі келіншекпен сөйлескенімізде, үйрек шаруашылығына қатысты біраз дерекке қанықтық. Мәселен, осы бизнеспен айналысса, бір отбасының қажетін қиналмай жабуға болады. Бір балапанның бағасы 200 теңгеден басталады. Ал үлкен үйректі сойып сатса, біреуі 5-6 мың теңгеге дейін барады. Үйрек етін барлық ұлт өкілдері сатып алады. Құс етінің денсаулыққа пайдасы көп. Соның ішінде үйректің еті мен жұмыртқасы, тіпті мамығы да пайдалы. Үйрек етін жеген кісінің қарны ток жүреді. Үйрек етінен пісіретін тамаққа май қосудың қажеті жок. Адам ағзасына өте жеңіл әрі тез сінеді. Құрамында 20 пайызға дейін құнды ақуыз бар. Еті майлы (36,2 пайыз). Сөйте тұра, үйрек майы тез ериді. Дилдара мен Мөлдір «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының жемісін көріп отыр. Осы бағдарлама бойынша берілген 555 650 теңге қайтарымсыз грант қаражатына үйрек сатып алып, көбейткен кәсіпкер келіншектердің алдағы уақытқа жоспары көп. Жалпы Шымкентте «Еңбек», «Бастау бизнес» мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқу курсын тәмамдап, сертификатқа ие болып, қайтарымсыз несие алып, кәсіп ашып, тасы өрге домалаған қала тұрғындары жетерлік. Осылайша, үшінші мегаполисте жұмыссыздық мәселесі онтайлы шешіліп жатыр деп айтуға негіз бар.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы



www.jasqazaq.kz

RÝHANIAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

өлтірушілердің де өз таланттары бар. Олардын ең таланттыларын біз батыр деп аспандатамыз. Сонымен бірге таланты тас жарған әншілер, спортшылар, шоумендер, бармендер, аспаздар, маскарампаздар, циркаштар, алкаштар, алаяқтар, жалаңаяқтар бар. Өзін әйдік талантты сезінетін шоумендер шығармашылық ортада да толып жүр. Олар суға салсаң батпайды, отқа салсаң жанбайды. Иә, «тума



көрінгеннің аузына Алла тағала сала бермейді. Ол да таңдайды, таңдаған ақынының талантына, өресіне қарайды.

Иә, өмір — асау дария. Ақынның мақсаты — ағыспен ағу емес, ағысқа қарсы жүзу. Сөйтіп өз жағасын табу. Бірақ ақындықта өз жағасын табатындар сирек.

Jas qazaq: Күпия болмаса айтыңызшы, «қазақ өлеңінің акбөкенін» бүгінде не мазалайды?

Б.Шарахымбай: Несін жасырамыз, біздің қоғам қатты сырқат. Бабаларымыз бізге аманатқа қалдырған ұлттық құндылықтарымыздың қадіріне жете алмай жүрген сияқтымыз. Істі дөңгелетіп әкетудің орнына байыбына бара алмай қақалып-шашалып отырмыз. Уәде көп, нәтиже жоқ. Ысырап шаш етектен, нақты іске келгенде күмілжіп қаламыз. Тамыры тереңге тартатын тарихымыздың талмауыр тұстары туралы айта бастасақ, жылағын келеді. Ұлттық әдебиетіміздің әлсіз жерлері де аз емес. Осыны біле тұрып, барлығын белінен бір-ақ сызып тастап, оны өзінен бастағысы келетін бейбақтықты немен ақтарынды білмейсін. Қазақты аяқтан шалғысы келетін пасық ойлы біреулердің «Қазақ Тәуелсіздік үшін күрескен жоқ» деп далбасалайтыны жанды ауырталы. Қазақстанға түк қатысы жоқ біреулердің «Қазақ мемлекеті бұрын болған емес» деп аузына келгенді бөсетіні қынжылтады. Оған бірде-бір қазақ-шенеунік, не кәсіби тарихшы жөні түзу жауап қайтармады. Әйтпесе, біздің шенеуніктердің арасында атақтарынан ат үркетін небір ғылым кандидаттары, профессор, академиктер жетіп артылады. Ұлттық намыс таразыға түскен сәтте біздің «кешегі жалаңтөс» батырларымыздың ұрпақтары «мәдениеттілік», «толеранттық» танытып, әдеттегідей тағы да бұғып қалды. Сөйтіп қиыннан жол тауып кетті.

Біздің қоғамда от болып күйіп тұрған мәселе көп. Мәселе көп болған соң, ой да көп. Әсіресе, жер, тіл мәселесі. Мысалы, әлемде жаулап алушы елдердің озбырлығынан қаншама тіл жоғалып кетті, қаншама тіл жоғалу алдында тұр. ЮНЕСКО мамандары «2100 жылға дейін әлемнің 7000-ға жуық тілінің жартысынан астамы жойылады» деп болжам жасапты.Үрейлі дерек. Сондықтан қазіргі жаһандану дәуірінде аз ұлттар мен ұлыстар өз тілдерін «өлімнен» құтқару үшін барынша күш салып жатыр. Біз де соған қамдануымыз керек. Ол үшін арнайы «Ана тілі туралы» Заң қабылдауды тездету қажет-ақ. Тіл – саяси сауда құралы емес, өркеніет феномені екенін түсінетін уақыт жетті емес пе!..

Jas qazaq: Әлгінде «бәрі Құдайдың ісі» деп қалдыңыз. Сіз Құдайға сенесіз бе?

Б.Шарахымбай: Сенім — әр пенденің жеке шаруасы, оны көпке жария етудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Құдай жалғыз! Оған жететін жол тоғыз тарау, қоғамдық институт сан түрлі, дін тарам-тарам. Жеке құпия жұмбақ болған сайын, оған құмарлық күшейеді. Ал неғұрлым жария болған сайын, құмарлық соғұрлым азая түседі, есесіне сыртқы күмән көбейеді. Бұдан жария сенім — саясат, құпия сенім — иман екенін білуге болады. Иман бар жерде — тәртіп, ұят, бейбітшілік бар, адами құндылықтар сақталады. Иман — дүниенің тіршілігін ұмыттып, сөздіге бас ию ғана емес. Ол әділдіктің ақ жолынан таймау деген сөз. Әділ адам жолынан адаспайды. Менің арғы бабаларым Жиенәлі, Шөйгөз, Жанботалар Меккеге жаяу барып, мұсылмандық парызын адал атқарған тақуа адамдар болған. Мектеп салдырып, бала оқытқан. Сондықтан олардың көрсетіп кеткен жолымен жүрмеуге менің хақым жоқ. Кайткенде біздің еркімізден тыс тұрған әлдебір тылсым күштің, адамның ақылы жетпейтін бір Құдіреттің бар екеніне имандай сенемін.

Jas qazaq: Шын пейілінізбен сұхбат бергеніңізге рахмет!

Әңгімелескен
Әсел ШЕРМАТ

(Басы 1-бетте)

Біздің сұхбат

Қалам иелерінің қадірі қашты. Қабырғалы қаламгерден гөрі жүзіктің көзінен өткен тележурналист, кино әртісі, әнші, спортшының бағасы аспандаған шақ. Бұл — бүгінгі идеология көрінісі. Кешегі кеңестік кезенді еске түсірейікші. Әсіресе, әдебиет пен кинематографияға идеологиялық құрал ретінде айрықша мән берілді. Егер сөз эмоция мен ойдың белгісі екенін ескерсек, өнердің қай саласында да әркелкі деңгейде идеологиялық салмақ бар. Идеология жоқ дегеннің өзі — идеология. Адамды адам еткен сөз де, мәтін де сол идеологияның бір бөлшегі. Мәтін өзгерсе, сөз өзгереді. Сөз өзгерсе, қоғам өзгереді. Өйткені сөз — әуелгі жаралым. Көне кітаптардың бөріңде солай жазылған — жерге бірінші сөз түскен. Сондықтан ең алдымен мәтінді игеру керек, сөзді түзеу керек. Сөз түзелсе, қоғам да, адам да түзеледі. Бұл ойды қайталап отырғаным, материалдық дүние, байлық жарысы соңғы кезде идеологиялық үстемдікке айналып, қоғамды береке мен бірлікке ұйыстырып отырған ықпал-күш ескіліктің сарқыншағындай күресінге ысырылды. Кино әртісі, әзілкештер, спортшылар адамдар қадір тұтатын қаһарманға, жұрт еліктейтін «рухани» тұлғаға айналды. ХХІ ғасырдың басы осылайша адамзаттың қайда бара жатқанын айқын көрсетті.

Қазіргі ақыл-ой иесі ел арасында ғана біршама қадірлі. Ал билік үшін олар «артық адамдар». Сондықтан қадірі шамалы. Олар нағыз шығармашылық тұлғаны блогерден ажырата алмайды. Өйткені қазіргі шенеунік жазушыдан емес, блогер-журналистен аяғын тартады. Кейде каламасам да түрлі шаруамен шенеуніктердің алдына баруға мәжбүр боламын. Сонда

Болат ШАРАХЫМБАЙ:

ҚАЗІРГІ ШЕНЕУНІК ЖАЗУШЫДАН ЕМЕС, БЛОГЕРДЕН АЯҒЫН ТАРТАДЫ

байқағаным, шенеуніктердің ақын, жазушы, журналист десе тыжырынып, жақтырмайтынына әбден көзім жетті.

Әйтпесе, халықтың тағдырына қам жеп, адам мен адамзатты кемелдендірудің азабына түсіп жүрген өнер иелері аз емес. Әртүрлі лирикалық иірімдерді игеріп, ұлт рухын жырға косып, заманымыздың тұлғалық қасиеттерін бейнелеп, қоғамды қал-қадірінше алға сүруге талпыныс жасап жүрген ақын-жазушылар баршылық. Әйтсе де, заманның өзекті мәселелерін тереңнен толғап, кең тынысты понарамасын жасайтын, сол арқылы туған ұлтының ізгі қасиетін көрсететін шын мәніндегі ойшыл қаламгерлер қай заманда да аз болған ғой...

Jas qazaq: Сіздіңше, бүгінгі оқырманға қандай әдебиет керек?

Б.Шарахымбай: Бүгінгі оқырманға мораль оқудын қажеті жоқ. Ал Толстой мен Гюго, Абай мен Пушкин шығармаларында мораль басым. Сөз жоқ, олардың заманында мораль тыңдайтын, соны жүрегіне терең сіңіретін оқырман бар еді. Қазір ондай оқырман жоқтың қасы. Алайда бір нәрсе анық: олар ақиқатты іздеді, адамзаттық мәңгілік сауалдарға жауап табуды көздеді. Олардың жазудағы өмірлік миссиясы да сол еді. Оқырманның өліп қалған ми талшықтарын тірліктік, ұйықтап жатқан сананы сілкілегісі келді. Достоевский, Чехов, Шолохов, Әуезов, Айтматов та сөйтті — өз шығармаларында мәңгілік ақиқатты іздеді. Бүгінгі оқырман бұрынғы оқырманнан басқа. Бүгінгі оқырман көпсөзділікті, пафосты, ақылгөйлікті, тәрбиешілікті, нәзіралықты жақтырмайды. Оны фалшы деп ұады. Бүгінгі оқырман өзін тану үшін шығармадан ақиқат іздемейді, шығармадан өзін, өзінің аласұрған жан дүниесін көруге құштар. Бұрын оқырман кітап арқылы өзінің тұлғалық болмысын дамытуды көздесе, бүгін кітаптың бетін ашпай-ақ өзін өзгенде биік санайтын «жасанды тұлғалар» пайда болды. Ең өкініштісі — олар «карнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына» қамығып, қайыршы болып жүрген жазушыдан өзін жоғары, ақылды санайды. Айтты-айтпады, бүгінгі қазақ қоғамы — хаос, яғни құр қуыс, бос кеуек. Бұл қалып қолына қалам ұстаған шығармашылық жандардың эмоциясына, психологиясына, ойлау қабілетіне әсер етпей тұрмайды. Риторикалық сұрақ: расында өзін-өзі әлеуметтік тоқырау мен рухани құлдыраудан құтқара алмай жүрген қаламгерлер өзін түсінбейтін, кітабын оқымайтын, керек десең одан өзін ақылды, білгір, элита, жолы болғыш санайтын қоғамды қалай құтқармақ?!

Jas qazaq: Кейде осы «тағдырлы ақын» деп жатады. Сонда «тағдырсыз ақындардың» да болғаны ғой. Сіз өзіңізді қай топқа жатқызасыз?

БІЗДІҢ ТАЛАНТАРЫМЫЗ ҚАЗІРГІ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛІП ПРАГМАТИК БОЛА БАСТАДЫ. ӨНЕРДІҢ НЕГІЗІ РОМАНТИКА ЕКЕНІҢ ҰҒЫМТЫ. НЕ ЖАЗСА ДА ТЕК СЫЙЛЫҚ АЛУ ҮШІН, НЕМЕСЕ БИЛІКТІҢ КӨЗІНЕ ТҮСУ ҮШІН ЖАЗАТЫН БОЛДЫ. ТАНЫМАЛ БОЛУ ҮШІН КИНО ТҮСІРЕТІН БОЛДЫ. ТАЛАНТАРЫМЫЗ ҰСАҚТАЛЫП КЕТТІ. БІР ЖАҒЫНАН, ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫДАН НАРЫҚТЫҚ СҰРАНЫСҚА БЕЙІМДЕЛУ ДҰРЫС ТА ШЫҒАР. АЛАЙДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ, ҚҰДАЙ БЕРГЕН ДАРЫНДЫ САУДА-САТТЫҚҚА АЙНАЛДЫРУ ШЫН ТАЛАНТТЫҢ ЖОЛЫН АШАТЫН МЕХАНИЗМ ЕМЕС.

Б.Шарахымбай: Меніңше, «тағдырлы, тағдырсыз» деп қарастыру шартты нәрсе. Әйтпесе, ақын тұрмақ, қағазға түскен әрбір мәтін, әрбір өлең, керек десеңіз, әр ойдың өз тағдыры бар. Бір өлеңді ұзақ толғатасың, бір өлең күтпеген жерден лак етіп өзі төгіледі. Бір ой ұзақ жасайды, бір ой заматында ағып кетеді. Мұның бәрі тағдыр. «Тағдыр мандайға нені жазса, соны көресін» дейді қазақ. Тағдырдан қашып құтыла алмайсың, одан ешкім қашып құтыла алмайды. Оны алдай да алмайсың, ол сені бәрібір іздеп табады.

Сіз келісесіз бе, жоқ па, білмеймін, біздің қазақ мақтанғөй халық. Оңтүстікте оны «коппа» дейді. Өзін тағдырлы, талантты қылып көрсету үшін аздап өтірік қосып, тұздықтатып, көпіріп сөйлегенді жақсы көреді. Бұл — қазақтың менталитеті. Одан әлдеқандай бір астар іздеп, тыжырынудың қажеті жоқ. Мысалы, біздің қазақ «менің бабам жауға жалғыз шапқан жалаңтөс батыр» деп мақтанғанды ұнатады. Немесе «менің атам он мың жылқы айдаған мыңғырған бай болған екен» дейді. Сол ертегіге өздері сенеді, өзгені де сендіруге тырысады. Енді әлемді жалпағынан басқан сол батырлар мен

ҚАЗІРГІ АҚЫЛ-ОЙ ИЕСІ ЕЛ АРАСЫНДА ҒАНА БІРШАМА ҚАДІРЛІ. АЛ БИЛІК ҮШІН ОЛАР «АРТЫҚ АДАМДАР». СОНДЫҚТАН ҚАДІРІ ШАМАЛЫ. ОЛАР НАҒЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАНЫ БЛОГЕРДЕН АЖЫРАТА АЛМАЙДЫ. ӨЙТКЕНІ ҚАЗІРГІ ШЕНЕУНІК ЖАЗУШЫДАН ЕМЕС, БЛОГЕР-ЖУРНАЛИСТЕН АЯҒЫН ТАРТАДЫ. КЕЙДЕ ҚАЛАМАСАМ ДА ТҮРЛІ ШАРУАМЕН ШЕНЕУНІКТЕРДІҢ АЛДЫНА БАРУҒА МӘЖБҮР БОЛАМЫН. СОНДА БАЙҚАҒАНЫМ, ШЕНЕУНІКТЕРДІҢ АҚЫН, ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ ДЕСЕ ТЫЖЫРЫНЫП, ЖАҚТЫРМАЙТЫНЫНА ӘБДЕН КӨЗІМ ЖЕТТІ.

бай-бағландардың бүгінгі ұрпағы қайда? Жоқ! Күлесің бе, жылайсың ба?!

Алайда тағдырлы ақын болғанымен, тағдырлы әдебиет болмайды. Ақын тағдыры өлеңде таусылмайтын өмірге айналады. Шын мәнінде, ол да шартты нәрсе. Бәрі Құдайдың ісі.

Өзіме келсем, мен «комсомолдың» баласымын. Әкем жап-жас кезінде Қаратас аудандық *(қазіргі Қазығұрт)* комсомолына жетекшілік жасаған. Ол кезде бұл қызмет әжептәуір бедел болатын. Сондықтан ба екен, былайғы жұрт әкемізді «комсомол» деп атап кетіпті. Бір жақтан келе жатса да, бара жатса да, «Әне, комсомол келе жатыр, әне, комсомол бара жатыр» дейді екен. Уақыт өте әкеміздің де осыған еті үйреніп кетті. Содан бізді ағам екеумізді «комсомолдың баласы» дейтін болды. Жасыратыны жоқ, марқұм әкеміз коммунизмнің көптеген принциптеріне күмәнмен қараса да, еліміздің жас патриоттарын тәрбиелеуде комсомолдың орасан күші бар екеніне көзсіз сенген. Не істесе де, елге жақсылық ойлап жүретін ол ақын-жазушылармен көп араласты. Шәмші Қалдаяқов, Төлеген Айбергенов, Қалаубек Тұрсынқұлов, Өзбекәлі Жәнібеков, Мұхтар Шаханов, Тұтқабай Иманбеков, тағы басқалармен дос-жаран болған кісі. Олар үйге жиі келетін. Кейде бірнеше күн жата-жастанып қонақ болатын. Оларға ылғи да ағам екеуміз қызмет жасайтынбыз, қолдарына су құямыз,

ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ АЗ ҰЛТТАР МЕН ҰЛЫСТАР ӨЗ ТІЛДЕРІН «ӨЛІМНЕН» ҚҰТҚАРУ ҮШІН БАРЫНША КҮШ САЛЫП ЖАТЫР. БІЗ ДЕ СОҒАН ҚАМДАНУЫМЫЗ КЕРЕК. ОЛ ҮШІН АРНАЙЫ «АНА ТІЛІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАБЫЛДАУДЫ ТЕЗДЕТУ ҚАЖЕТ-АҚ. ТІЛ – САЯСИ САУДА ҚҰРАЛЫ ЕМЕС, ӨРКЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ ЕКЕНІН ТҮСІНЕТІН УАҚЫТ ЖЕТПІ ЕМЕС ПЕ!..


әкел дегенді әкелеміз, әпер дегенді әпереміз. Тіпті аяқ киімдерін тазалап, жалтыратып қою да біздің мойнымызда еді. Қазір ойлап қарасам, соның бәрі бізге үлкен мектеп болыпты. Болашақ адам болуымызға негіз қалапты. Қаламгер болу туралы ой алғаш осы кезде пайда болды ма екен, кім білсін?..

Ондайда ауылдың «мен» деген мықты жігіттері біздің үйден шықпаушы еді. Бірі мал сойып жатса, бірі оны жіклітеп, енді бірі отын жарып, мәре-сәре болып жататын. Қазір оның бірі де жоқ. Әкеміз бен анамыз барда абыр-сабыр болып жататын қарашанырақ бүгінде тым-тырыс. Бүгінде адамдар да өзгеріп кетті ғой. Шақырмаса, бір-бірінің үйіне кірмейтін болды. Міне, мен осындай ортада өстім, үйрендім, жирендім, өмірден сабақ алдым. Осының бәрі — менің тағдырым. Соңғы күндері сол күндерді сағынатын болып жүрмін.

Jas qazaq: Сонда талантты адам деп кімді айтамыз?

Б.Шарахымбай: «Талант тас жарады, тас жармаса бас жарады» дейді қазақ. «Талант Тәңірден» дейтін де сөз бар. Бұл не деген сөз? Меніңше, бұл адам болу, адам болудың ішінде адал болып қалу, ешкімнің ала жібін аттамау, елге құл болып қызмет ету, жауапкершілікті сезіну, әділдіктің ақ жолынан таймау, кісі ақысын жемеу деген сөз. Яғни талантты адам деп ішкі мәдениеті мен жүрек — Құдайы үйлесім тапқан кісіні айтса керек.

Жалпы, талант — көп қырлы ұғым. Керек десеңіз, банк тонұшы да талант. Пентагонға хакерлік шабуыл жасау да талант. Адам



ҚАЗІРГІ АҚЫЛ-ОЙ ИЕСІ ЕЛ АРАСЫНДА ҒАНА БІРШАМА ҚАДІРЛІ. АЛ БИЛІК ҮШІН ОЛАР «АРТЫҚ АДАМДАР». СОНДЫҚТАН ҚАДІРІ ШАМАЛЫ. ОЛАР НАҒЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАНЫ БЛОГЕРДЕН АЖЫРАТА АЛМАЙДЫ. ӨЙТКЕНІ ҚАЗІРГІ ШЕНЕУНІК ЖАЗУШЫДАН ЕМЕС, БЛОГЕР-ЖУРНАЛИСТЕН АЯҒЫН ТАРТАДЫ. КЕЙДЕ ҚАЛАМАСАМ ДА ТҮРЛІ ШАРУАМЕН ШЕНЕУНІКТЕРДІҢ АЛДЫНА БАРУҒА МӘЖБҮР БОЛАМЫН. СОНДА БАЙҚАҒАНЫМ, ШЕНЕУНІКТЕРДІҢ АҚЫН, ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ ДЕСЕ ТЫЖЫРЫНЫП, ЖАҚТЫРМАЙТЫНЫНА ӘБДЕН КӨЗІМ ЖЕТТІ.

талант» деген де ұғым бар. Мұндай ерекше жаратылған дарын иелері қазақ арасында да аз емес. Бірақ біздің таланттарымыз қазіргі өмірге бейімделіп прагматик бола бастады. Өнердің негізі романтика екенін ұмытты. Не жазса да тек сыйлық алу үшін, немесе биліктің көзіне түсу үшін жазатын болды. Танымал болу үшін кино түсіретін болды. Таланттарымыз ұсақталып кетті. Мені осы мәселе қатты қынжылтады. Бір жағынан, әлеуметтік тұрғыдан, нарықтық сұранысқа бейімделу дұрыс та шығар. Алайда шығармашылықты, Құдай берген дарынды сауда-саттыққа айналдыру шын таланттың жолын ашатын механизм емес.

...Ең бастысы, философияның теологиядан басталатынын естен шығармау керек. Егер талант пен қабілеттің Тәңірден берілетін қасиет екені рәс болса,

теологиялық тірегі жоқ шығармалар адам жанына қажетті дүниелерді бере алмайды. Оған ешкім сенбейді. Сенім жоқ па, онда көркем дүние де жоқ, көркем дүние жоқ па, онда жазушы да, талант та жоқ.

Jas qazaq: Жас ақындар Есенғали Раушанов пен Тыныштықбек Әбдікәкімовке көп еліктейтін сияқты...

Б.Шарахымбай: Бұл екі ақын да қазақ поэзиясынан өз орнын ойып алған дарын иелері. Форма, жазу машығы, пішің, жанды оқиға бойынша жаңалық әкелген стилист ақындар деуге болады. Сондықтан, жас жеткіншектердің оларға еліктеуі заңды. Үйренгеннен ешкім зардап шекпейді. Бұл нені білдіреді? Демек бұл екі ақын қоғамдық ойға белгілі бір дәрежеде әсер етіп отыр. Өнер жүрген жерде еліктеу, солықтау болмай тұрмайды, ол жастыққа тән нәрсе. Максимализм де, кателесу де жастыққа жарасады. Кез келген жас дарын қашан дараланып, тұлға ретінде қалыптасып болғанша, бір мықтының тартылыс күшінен шыға алмайды. Бұл болмай тұрмайтын процесс. Ол жолдан бәріміз өткенбіз. Тәжірибе жинау, өмірден ой тую, есею сондайдан басталады. Дегенмен еліктеу, үйренудің де өз шегі, шекарасы болады. Шығармашылықтың кульминациясы — ешкімге ұқсамау. Ешкімге ұқсамау — шығармашылықтың шырқау шыңы, апогеясы. Ешкімге ұқсамасаң ғана әдебиетте қаласың. Біреуді қайталасаң, соның көлеңкесі болып қана тұрасың.

Жақсы өлең туса, ол ақынның ең бақытты сәті. Бақыттан басы айналмайтын ақын болмайды. Бірақ жақсы мен жаманның арасын ажырату ақынға қиын. Ол тек жақсы өлең



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИНА

www.jasqazaq.kz



АЙЫН
Маңғыстау
жерінде еліміздің
әскери күштерінің
«Қалқан-2021» оқу-
жаттығуы болып өтті.
Бұл іс-шараға Қазақстан Қарулы
Күштерінің әскери бөлімдері мен
бөлімшелері, Ұлттық қауіпсіздік
орғандары, Шекара қызметі мен
Ұлттық ұлан бөлімшелері қатысты.

Қорғаныс министрлігінің баспасөз
қызметі хабарлағандай, оқу-жаттығу
тәсілдерінің орындалуын қорғаныс министрі
генерал-лейтенант Нұрлан Ермекбаев,
Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара
қызметінің директоры генерал-лейтенант
Дархан Ділманов, Ұлттық ұланның Бас
қолбасшысы генерал-лейтенант Руслан
Жаксылыков бақылады.



ОТАНДЫ ҚОРҒАУҒА ДАЙЫН!



Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес,
негізгі іс-қимыл шекара маңындағы
ауданда басталды. Мемлекет аумағын
күзету бойынша шекара қызметтері
мен Қарулы Күштердің бөлімшелері

Ұтқыр топтардан десант түсіруде олардың
одан кейінгі іс-қимылдарына техниканы
(квадроциклдерді) жеткізу әскери авиация
тік ұшақтарының сыртқы ілмектері арқылы
жүзеге асырылды.



бірлескен іс-қимылды пысықтады.
Сондай-ақ құрамында арнайы операциясы
бар бірлескен әскери топтар құрылды.
Әскерлердің іс-қимылы кезінде заманауи
қарулы қақтығыстар тәжірибесі кеңінен
колданылды.

Бұл оқу-жаттығудағы әдіс-тәсілдердің
ерекшелігі Каспий теңізінің жағалауында
арнайы операция күштері құралымдарының
толассыз жасаған іс-қимылынан көрінді.
Әскери қызметшілер оттегі жабдығын
пайдалана отырып, жерден аса биік емес
аралықта парашютпен десант түсірді. Бұл
секірулер жоғары дәлдікпен орындалып, әрі
қарай аумақта барлау жүргізді. Жаттығуда
бірқатар тактикалық іс-қимылдар алғаш рет
орындалды.



Әскери-теңіз күштерінің зымыран-
артиллериялық кемелерінің қолдауымен
бір уақытта әскери жүзгіштер су үсті және
су асты тәсілдерімен теңіз жағасындағы
плацдармды (әскерге арналған алаң) басып
алды.

Жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу
кезінде арнайы операциялар күштерінің
жауынгерлері 2020 жылдан бастап
әскерлердің жауынгерлік даярлық
бағдарламасына енгізіліп жатқан армиялық
тактикалық атыс тәсілдерін қолданды.
Алғаш рет тұрақты негізде әскери-көлік
авиациясының ұшағын қондыру үшін көлік
жолының әуесайлақ учаскесі қолданылды.
Олар жеке құрамды дағдарыс аудандарына
жеткізді.



ұшқышсыз ұшу аппаратының операторынан
басқару бекетінде қарсылас туралы
мәлімет алып, анықталған нысандарға оқ
жаудыртады. Осыдан кейін әскери көлік
тасаға тығылып, жана нұсқауларды күтеді.
Бұл тактикалық әдіс қарсыластың атысынан
танктің зардап шегуін төмендетуге, сонымен
қатар анықталған нысандарды зақымдаудың
тиімділігі мен ойламаған жерден
орындалуына мүмкіндік береді.

Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев
оқу-жаттығуға қатысушылардың іс-
қимылына жоғары баға берді. Оқу-жаттығу
барысында алған тәжірибені әскерлерге
енгізу және қолдану қажеттігін атап өтті.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



Ғаламторда
Жоңғар Алатауы
мемлекеттік
ұлттық паркінде
тіршілік ететін Сібір
таутекесінің суреті
жарияланды.

Сібір таутекесі



Ұлттық парктің ғылым, ақпарат және
мониторинг бөлімінің мамандары парк аумағында
зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ерекше қорғалатын аң
мен құсты бақылап отырады. Айталық, өткен жылы
Сібір таутекесінің сүрлеуіне қойылған фототүзактың
көмегімен ұлттық парк аумағында 1596 бас жабайы
жануар мекендейтінін анықтады.

Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық паркінің
бас аңшылықтанушы маманы Бекзат Нүсіпов:
«Жануарлар әлемін қорғау және санын көбейту
жөніндегі ғылым, ақпарат және мониторинг
бөлімінің мамандары үнемі фототүзак арқылы
санақ жүргізіп, бақылап отырады. Оған қатынау
күз-көктем мезгілі аралығында қиындық
тудыратындықтан, камераларды жазға салым
қарайды. Фототүзакқа көбіне 4-5 жасарлары ілінеді.
Кейде одан да үлкендері, ірілері төменге түседі», —
дейді.

(өз тілшіміз)



Әлемнің ең ақылды,
ері бай адамы Илон
Маск бар дүние-мүлкін
сатып, Марстан қала
салмақшы. SpaceX және
Tesla компанияларының

негізін қалаған Масктың байлығы 199,9
млрд долларға бағаланыпты. Осыған дейін
ол ракета, күн батареясын, жүргізушісіз
жүретін машина ойлап тапқан болатын.
Енді 2050 жылы Марсқа 1 000 000 адамды
қоныстандырмақшы.

Илон Маскпен Марсқа көш!



Илон Масктың мақсаты биік. Ол «Қызыл
планетаға ұшу қолжетімді болу керек. Кез
келген адам ақшасы болмаса да, несие алып
ұшуына болады. Марста жұмыс көп болады»
деп уәде беріп отыр. Сонымен бірге инженер
«10 жылда бірнеше рет қолдануға болатын
1000 ракета шығарамыз» деп отыр. Қарапайым
есеппен айтқанда, бір жылда кем дегенде 100
ракета шығарулары керек. Илон Масктың
айтуынша, Марсқа адам аяғы 2024-2026 жылы
тиетін көрінеді. Сонымен бірге ол болашақ
қаланың қандай болатынын, адамдар қалай өмір
сүретінін айтыпты. И.Маск: «Қызыл планетаға
адамдар біртіндеп бара бастайды. Бірінші барған
адамдар болашақ тұрғындарға жағдай жасайды.
Ал жылына 100 000 адам жерден Марсқа қоныс
аударатын болады», — дейді.

Жасыратыны жоқ, ғалымдар жер шарындағы
адам санының жылдан-жылға артып бара жатқанын
айтып дабыл қағуда. Қазірдің өзінде 7 миллиардқа
аяқ басты. Жыл өткен сайын осыншама адамды
асырап-бағудың өзі қиындай түспек. Сондықтан
Илон Масктың идеясы адам баласына жаңа қоныс
ашуы бек мүмкін.

Тогжан ӘБДЕШ,
студент



Фасилитация мектебі

Елімізде «Фасилитация мектебінің» көзекті
даярлау курсы өткізілді. Фасилитацияға
(себепші болу, көмекші болу) баулитын
бұл жобаны Атырау жастарын дамыту
бастамасы (AYDI) аясында Impact Hub
Almaty мен «Шеврон» компаниясы ұйымдастырды.
Курсқа қатысушылар оқытудың инновациялық
әдістері, семинарлар мен басқа да білім беру
іс-шараларының модельдері нем құралдары
жайында дәріс алды.

«Фасилитация мектебі» бағдарламасының Атырау бойынша
үйлестірушісі Мерей Әнуарбеков: «Мектеп қала жастарына
фасилитациямен жақынырақ танысуға және кәсіби деңгейде
өздерінің жаттықтырушылық машығын дамытуға мүмкіндік берді.
Қатысушылардың әрқайсысы алған білімін өз қызметінде қолдана
алады», — дейді.

Аталған мектепте 25-35 жас аралығындағы жас фасилитаторлар
бір апта бойы теориялық білім алды. Содан кейін практикалық сессия
кезінде алған дағдыларын көрсетті.

Impact Hub Almaty директоры Индира Шах: «Фасилитация
мектебінің» мақсаты — Атыраудың талантты жастарын дамытуға
көмектесетін жаңа фасилитаторлар пулын құру. 10-18 қыркүйек



аралығында өткен алғашқы курсты 6
адам аяқтады. Ал екінші лекте 15 адам
оқытудан өтті. Олардың арасында
Impact Hub Almaty бағдарламалары
үшін фасилитаторлар іріктелетін
болады. Осылайша, біз
фасилитацияны оқытып қана
қоймай, нақты білім беру
процесіне қатысуға мүмкіндік
бердік», — деп атап өтті.

Пандемияға байланысты
«Фасилитация мектебінде» оқыту
онлайн форматта жүргізілді. Дегенмен
бұл қатысушылардың оқу процесіне
толық қатысуына кедергі болған жоқ.

Жобаға атсалысқан Ботагөз Қожаметова:
«Тренинг мен үшін нәтижелі өтті. Жаттықтырушылар нақты бағыт
беріп, машықтануыма жол ашты. Алған білімді өз жұмысымда
қолданамын», — дейді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мектептің үздік түлектері
Атырау қаласында жүзеге асырылып жатқан Impact Hub Almaty
бағдарламасының келесі семинарында жаттықтырушылар
командасына қосылуға мүмкіндік алады.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат

(Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2256;

Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ай-Астана» әуесқойының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.